

"Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 20 ақпандағы № 26 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 20 ақпанда № 31934 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жығы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 113) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған "Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары бекітілсін.

2. "Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 16 наурыздағы № 209 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10774 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі

А. Ғиният

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Экология және табиғи ресурстар
министрлігі

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2023 жылғы 20 ақпандағы
№ 26 бұйрығымен
бекітілген

"Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары (бұдан әрі – Санитариялық қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жығы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы ереженің (бұдан әрі – Ереже) 15-тармағының 113) тармақшасына сәйкес әзірленді және су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды белгілейді.

2. Осы Санитариялық қағидаларда мынадай анықтамалар пайдаланылды:

1) ауыз су – сапасы бойынша белгіленген ұлттық стандарттарға және гигиеналық нормативтерге сай келетін, халықтың ауыз су және шаруашылық-ауыз су мұқтаждарына арналған табиғи күйдегі немесе өңделгеннен кейінгі су;

2) ауыз сумен және (немесе) шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау – ауыз су алуды, дайындауды, сақтауды, тасымалдауды және су тұтынушыларға ауыз су беруді қамтамасыз ететін технологиялық процесс;

3) беттік су объектілері – шекарасы, көлемі мен су режимі бар, құрлық бетінде оның бедері нысанында судың тұрақты немесе уақытша жинақталуы;

4) жағалау жиегі – су объектісі жағалауының судың барынша көтерілуі (лық толуы) нәтижесінде пайда болатын жиегі;

5) санитариялық қорғау аймағы – су сапасы нашарлауының алдын алу үшін сумен жабдықтау көзін (ашық және жерасты), су құбыры құрылыстарын және олардың қоршаған аумағын қорғау мақсатында белгіленген режим сақталатын сумен жабдықтау көзі мен су құбыры құрылыстарының айналасындағы арнайы бөлінетін аумақ (бұдан әрі – СҚА);

6) су қорғау аймағы – судың ластануын, қоқыстануын және сарқылуын болғызбау үшін шаруашылық қызметінің арнайы режимі белгіленетін су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарына іргелес аумақ;

7) су пайдаланушы – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өз мұқтаждарын және (немесе) коммерциялық мүдделерін қанағаттандыру үшін су ресурстарын пайдалану құқығы берілген жеке немесе заңды тұлға;

8) сумен жабдықтау жүйесі – су жинауға, сақтауға, дайындауға, беруге және суды тұтыну орындарына таратуға арналған инженерлік желілер мен құрылыстар кешені;

9) тұстама – өзеннің гидротораптың құрылыстары орналасқан учаскесі.

2-тарау. Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

1-параграф. Шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау суының сапасы мен қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

3. Ауыз су мен ыстық судың сапасы мен қауіпсіздігі "Ауыз су және шаруашылық-тұрмыстық суды пайдалану қауіпсіздігі көрсеткіштерінің гигиеналық нормативтерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № ҚР ДСМ-138 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30713 болып тіркелген) (бұдан әрі – гигиеналық норматив) сәйкес келеді.

Белгіленген бақылау жиілігі кезінде бір жыл ішінде:

1) микробиологиялық (жалпы микробтық санды (бұдан әрі – ЖМС), жалпы колиформды бактерияларды (бұдан әрі – ЖКБ), жалпы термотолерантты колиформды бактерияларды (бұдан әрі – ТКБ) қоспағанда), паразитологиялық, вирусологиялық көрсеткіштер бойынша гигиеналық нормативтер деңгейлерінің, радиологиялық (радиациялық қауіпсіздік) көрсеткіштер бойынша араласу деңгейлерінің жоғарылауы;

2) зерттелетін сынамалар саны жылына кемінде 100 болғанда су жинау нүктелерінде іріктеп алынатын сынамалардың 95 пайызы (бұдан әрі – %) және одан көбінде ЖМС, ЖКБ және ТКБ гигиеналық нормативтері деңгейлерінің жоғарылауы;

3) органолептикалық, жалпыланған көрсеткіштердің, органикалық емес және органикалық заттардың гигиеналық нормативтер деңгейлерінің көрсеткіштерді айқындау әдісі қатесінің шамасынан жоғарылауы анықталмаса, су тұтынушыға сумен жабдықтау жүйелерін пайдалана отырып берілетін ауыз су сапалы және қауіпсіз деп танылады.

ЖМС-ға қоректендіргіш агарда плюс 37 градус Цельсий (бұдан әрі – °С) температурада 24 сағат ішінде колония құруға қабілетті мезофильді аэробты және факультативті анаэробты микроорганизмдердің жалпы саны жатады.

ЖКБ-ға грамтеріс, оксидаза теріс, спора құрмайтын, дифференциалды лактозалы орталарда өсе алатын, плюс 37 °С температурада 24-48 сағат ішінде лактозаны қышқыл, альдегид және газға дейін ферменттейтін таяқшалар жатады.

ТКБ-ға жалпы колиформды бактериялардың белгілері бар, сондай-ақ плюс 44 °С (плюс немесе минус 0,5) температурада 24 сағат ішінде лактозаны қышқыл, альдегид және газға дейін ферменттей алатын бактериялар жатады.

4. Берілетін ауыз су мен ыстық судың сапасы сәйкес келмеген жағдайда сумен жабдықтау жүйесін пайдалануды жүзеге асыратын және (немесе) халықты ауыз сумен және ыстық сумен қамтамасыз ететін шаруашылық жүргізуші субъектілер:

1) халықты ауыз сумен қамтамасыз етудің сапасы мен қауіпсіздігінің нашарлау себептерін анықтауды және жоюды;

2) халықтың денсаулығына тәуекелді санитариялық-эпидемиологиялық бағалау нәтижелерімен расталған уақытша шегінудің қолданылуы кезеңінде халықтың денсаулығына қатердің болмауын;

3) халықтың денсаулығына тәуекелді санитариялық-эпидемиологиялық бағалау нәтижелері бойынша белгіленген уақытша шегінудің қолданылу мерзімін барынша шектеуді;

4) бұқаралық ақпарат құралдарында уақытша шегінудің енгізілуі және олардың қолданылу мерзімдері, халықтың денсаулығы үшін тәуекелдің болмауы, сондай-ақ халыққа ауыз су мен ыстық суды пайдалану жөніндегі ұсынымдар туралы халықты хабардар етуді қамтамасыз ететін санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шараларды ұйымдастырады және жүргізеді.

"Уақытша шегіну" дегеніміз органолептикалық қасиеттерге әсер ететін химиялық құрамның көрсеткіштер бойынша гигиеналық нормативтерден уақытша ауытқулары түсіндіріледі (зияндылықтың лимиттеуші көрсеткіштері). Тез арада жоюды жүзеге асыру мүмкін емес табиғи сипаттағы құбылыстар немесе авариялық жағдайлар кезінде гигиеналық нормативтерге 1-қосымшаның 1 және 3-кестелерінде (жақшада) көрсетілген уақытша шегінуге жол беріледі.

Ауыз сумен жабдықтау көздерінің ластануына, сарқылуына және (немесе) ауыз сумен жабдықтау жүйелерінің бұзылуына алып келген авария, апат, дүлей зілзаланан немесе табиғи немесе техногенді сипаттағы жағдайлар салдарынан су тұтынушыларға бір тәуліктен астам ауыз судың берілуінің тоқтатылуы ауыз сумен жабдықтаудағы төтенше жағдайлар болып саналады.

5. Уақытша шегіну мүмкіндігі туралы шешімді тиісті аумақтың бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулысымен қабылданады және шешімді қабылдау кезінде:

1) су сапасына кепілдік берілген ауыз сумен жабдықтаудың балама көзі болмаған кезде көрсеткіштердің деңгейін гигиеналық нормативтердің мәндеріне дейін қолжетімді әдістермен төмендету мүмкіндігінің болмауы;

2) елді мекендегі санитариялық-эпидемиологиялық жағдай;

3) сумен жабдықтау жүйесін пайдалануды жүзеге асыратын және (немесе) халықты ауыз сумен қамтамасыз ететін шаруашылық жүргізуші субъектілердің орындау мерзімдерімен су дайындау жүйесін жетілдіру не ауыз сумен жабдықтаудың балама көздерін іздеу жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу және бекіту қажеттілігі ескеріледі.

6. Сумен жабдықтауды және сумен жабдықтау жүйелерін пайдалануды жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілер Ереженің 15-тармағының 113) тармақшасына сәйкес бекітілетін "Өндірістік бақылауды жүзеге асыруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларының (бұдан әрі – "Өндірістік бақылауды жүзеге асыруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары) және осы Санитариялық қағидаларға 1, 2 және 3-қосымшаларының талаптарына сәйкес ауыз судың және ыстық судың сапасына өндірістік бақылауды жүзеге асырады.

7. Сумен жабдықтау жүйесін пайдалануды жүзеге асыратын және (немесе) халықты ауыз сумен және ыстық сумен қамтамасыз ететін шаруашылық жүргізуші субъекті (2 сағат ішінде телефон арқылы және 12 сағат ішінде авариялық жағдай, техникалық бұзушылықтар туындаған, су сынамаларын зертханалық зерттеу нәтижесін алған кезден бастап жазбаша нысанда) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесін:

1) сумен жабдықтау жүйесінің объектілері мен құрылыстарында авариялық жағдайлардың немесе ауыз су мен ыстық судың сапасы мен қауіпсіздігінің және

халықты сумен жабдықтау жағдайларының нашарлауына алып келетін техникалық бұзылудың туындауы туралы;

2) санитариялық-химиялық, микробиологиялық, паразитологиялық, вирусологиялық және радиологиялық (радиациялық қауіпсіздік) көрсеткіштер бойынша гигиеналық нормативтерге сәйкес келмейтін су сынамаларын зертханалық зерттеудің әрбір нәтижесі туралы хабардар етеді.

Сумен жабдықтау жүйесін пайдалануды жүзеге асыратын және (немесе) халықты ауыз сумен және ыстық сумен қамтамасыз ететін шаруашылық жүргізуші субъект Санитариялық қағидалардың осы тармағында көрсетілген жағдайларды жою жөніндегі шараларды дереу қабылдайды.

8. Ведомстволық тиесілігі жоқ (иесіз) су жинау орындарында не су құбырларында авариялық жағдайлар туындаған кезде, сондай-ақ сумен жабдықтаудың балама көздері болмаған кезде жергілікті атқарушы органдар авария анықталған кезден бастап 24 сағат ішінде елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастырады және (немесе) халықты гигиеналық нормативтерге сәйкес келетін сапалы тасымалданатын ауыз сумен қамтамасыз етеді.

9. Әкелетін ауыз суды жеткізу судың қайта ластануын болдырмайтын таңбаланған тығыз жабылатын ыдыстарда, арнайы осы мақсаттарға арналып жабдықталған изотермиялық ыдыстарда (цистерналарда), "Жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға арналған көлік құралдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 11 қаңтардағы № ҚР ДСМ-5 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22066 болып тіркелген) талаптарына сәйкес келетін көлік құралдарымен жүзеге асырылады.

10. Әкелетін ауыз суды сақтау тікелей күн сәулесінің және атмосфералық жауын-шашынның әсерін болдырмайтын жағдайларда арнайы бөлінген орындар мен тамақ өнімдерімен жанасатын материалдарға қойылатын талаптарға сәйкес келетін материалдардан жасалған ыдыстарда қамтамасыз етіледі.

11. Өндірістік бақылау жүзеге асырылатын көрсеткіштер тізбесі және сынама алу жиілігін белгілеуге қойылатын талаптар осы Санитариялық қағидаларға 1-қосымшада және "Өндірістік бақылауды жүзеге асыруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларында келтірілген талаптарға сәйкес келеді.

12. Ауыз суда бөгде қосындылар мен беттік қабықтар болмайды.

Ауыз судағы "бөгде қосындылар" дегеніміз құм, заттардың әртүрлі қатты фракциялары, көрінетін биологиялық агенттер (құрттар, дамудың әртүрлі кезеңдеріндегі жәндіктер), қоқыс және осыған ұқсас заттар.

13. Жаңадан салынған, реконструкцияланатын сумен жабдықтау жүйелерін пайдалануға берген кезде, сондай-ақ күрделі жөндеуден, авариялық жағдайларды

жойғаннан кейін сумен жабдықтау жүйесін пайдалануды қамтамасыз ететін және (немесе) халықты ауыз сумен және ыстық сумен қамтамасыз ететін шаруашылық жүргізуші субъектілер ауыз судың және ыстық судың сапасы мен қауіпсіздігін міндетті түрде зертханалық бақылай отырып, оларды шаюды және дезинфекциялауды жүргізеді.

Жууды және дезинфекциялауды қызметтің көрсетілген түрін орындауға құқығы бар мамандандырылған ұйым жүргізеді, сапасын бақылауды су пайдаланушының өндірістік зертханасы жүргізеді. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелеріне және ұйымдарына бақылауды жүзеге асыру үшін жұмыс жүргізу уақыты туралы жазбаша түрде хабарланады.

14. Желілер мен құрылыстарды жуу және дезинфекциялау ауыз су мен ыстық судың сапасы гигиеналық нормативтерге сәйкес келген кезде аяқталған болып саналады. Сумен жабдықтау жүйесін тазалау, жуу және дезинфекциялау актісі осы Санитариялық қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

15. Ауыз судың эпидемияға қатысты қауіпсіздігі оның гигиеналық нормативтерге сәйкес микробиологиялық және паразитологиялық көрсеткіштерге сәйкес келуімен айқындалады.

16. Ауыз суды ішек тобындағы патогенді бактериялар мен энтеровирустардың болуына зерттеу жоспарлы тәртіппен, сондай-ақ халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесінің шешімі бойынша эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша жүргізіледі.

Ішек тобының патогенді бактерияларына (энтеробактерияларға) ішек инфекциялық ауруларының қоздырғыштары жатады.

Энтеровирустарға (ішек вирустарына) адам мен жануарлардың көбіне асқазан-ішек жолдарында болатын, инфекциялық ауруларды туғызатын, құрамында рибонуклеин қышқылы бар вирустар түрлері жатады.

17. Химиялық құрамы бойынша ауыз судың зиянсыздығы оның табиғи суда неғұрлым жиі кездесетін зиянды химиялық заттардың, антропогендік жынысты заттардың; сумен жабдықтау жүйесінде оны өңдеу процесінде түсетін және суда түзілетін зиянды химиялық заттардың; адамның шаруашылық қызметінің нәтижесінде сумен жабдықтау көздеріне түсетін зиянды химиялық заттардың көрсеткіштеріне сәйкес келуімен айқындалады.

18. Ауыз суда қауіптіліктің 1 және 2-сыныптарына жататын және зияндылығының санитариялық-токсикологиялық белгісі бойынша нормаланатын бірнеше химиялық заттар анықталған жағдайда олардың суда анықталған әрқайсысының шоғырлануының рұқсат етілетін шекті шоғырлануға (бұдан әрі – РЕШШ) қатынасының жиынтығы бірлікті құрайды. Есептеу мынадай формула бойынша жүргізіледі:

C1 нақты/C1 р.е.+C2 нақты/C2 р.е.+...Cn нақты/Cn р.е. 1, C2, Cn – қауіптіліктің 1 және 2-сыныбындағы жеке химиялық заттардың шоғырлануы:

нақты – нақты шоғырлану, р.е. – рұқсат етілетін шоғырлану.

19. Ауыз судың радиациялық қауіпсіздік көрсеткіштері гигиеналық нормативтерге сәйкес оның жалпы а және b – белсенділігіне сәйкестігімен айқындалады.

20. Судағы радионуклеидтерді сәйкестендіру және олардың жеке шоғырлануын өлшеу жалпы белсенділік нормативтерінен артқан кезде жүргізіледі. Анықталған шоғырлануды бағалау "Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын гигиеналық нормативтерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 2 тамыздағы № ҚР ДСМ-71 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29012 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-71 бұйрығы) сәйкес жүргізіледі.

21. Тарату желісінен сынамалар алуды көшедегі су тарату жабдықтарында оның ең биік және ең шеткі учаскелерінен, басқылау мен жергілікті су арынды бактары бар үйлердің ішкі су құбыры желілері крандарынан жүргізеді.

22. Орталықтандырылған ауыз сумен және ыстық сумен жабдықтау жүйелері үшін су тазарту және су дайындау үшін пайдаланылатын материалдар, реагенттер мен жабдықтар, конструкциялық материалдар Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 28 мамырдағы № 299 шешімімен бекітілген Санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға (бақылауға) жататын өнімге (тауарларға) қойылатын бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптардың II тарауы 3-бөлімінің талаптарына сәйкес келеді.

2-параграф. Орталықтандырылмаған шаруашылық-ауыз суға арналған санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

23. Орталықтандырылмаған шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін жерасты суы пайдаланылады. Оларды пайдалану су жинау құрылыстарының арнайы жабдығын (ұңғымалар, шахталық және құбырлық құдықтар, бұлақтардың каптаждары) орнату арқылы жүзеге асырылады.

Каптаж пайдалану мақсатында жерасты суын алуды қамтамасыз ететін инженерлік-техникалық құрылыс болып табылады.

Бұлақ (бастау) жерасты суының жер бетіне табиғи жинақталып шығуы болып табылады.

Ұңғыма жерасты суын жер бетіне шығаруға арналған құрылыс болып табылады.

24. Халықты орталықтандырылмаған сумен жабдықтау көздерінің су жинау құрылыстарының (ұңғымалардың, шахталық және құбырлық құдықтардың, бұлақтардың каптаждарының) орналасқан орнын таңдауды су пайдаланушы геологиялық және гидрогеологиялық деректер, сондай-ақ судың микробиологиялық және (немесе) химиялық ластануының ықтимал көздерінің (дәретханалар, қазылған

шұңқырлар, компост үймелері, қиды, қалдықтарды, минералдық тыңайтқыштарды, улы химикаттарды жинау, өнеркәсіптік ұйымдар, су бұру құрылыстары, ескі қараусыз қалған құдықтар, мал аулалары, адамдар мен жануарлар жерленген орындар) болуын ескере отырып, жақын жатқан аумақты зерттеу нәтижелері негізінде жүзеге асырады.

Орталықтандырылмаған сумен жабдықтаудың су жинау құрылыстары жерасты суының ағыны бойынша ластану көздерінен кемінде 50 метр (бұдан әрі – м) жоғары алыс жерде орналастырылады.

Орталықтандырылмаған сумен жабдықтаудың су жинау құрылыстары тасқын су басқан учаскелерде, батпақты жерлерде, сондай-ақ топырақтың көшкініне және басқа да деформациясына ұшырайтын жерлерде, сондай-ақ автомагистральдарға 30 м жақын жерде орналастырылмайды.

Орталықтандырылмаған сумен жабдықтауға ауыз суды шығындау орындарына бермей, жалпы пайдалануға ашық немесе жеке пайдаланылатын, ауыз су алуға арналған құрылыстар жатады.

25. Геологиялық және гидрологиялық деректер жерасты суының жату тереңдігі, жерасты суы ағынының бағыты, сулы қабаттың болжамды қуаты, сулы көкжиекпен және беттік су объектілерімен өзара байланыс мүмкіндігі туралы мәліметтерді қамтиды.

26. Су жинау құрылыстарының жерүсті бөлігінде су көзі суының ластануын болдырмауға арналған жабындар болады.

Каптаждың (құдықтың) айналасында 5 м қашықтықтағы аумақ қоршалады және абаттандырылады. Каптажды (құдықты) беттік судың басуынан қорғау үшін су бұру жырасына қарай еңісі бар төсеніштермен жабдыкталады.

27. Құдықтың (каптаждың) жанында шелектерді немесе соған ұқсас сыйымдылықтарды орнатуға арналған орындық немесе соған ұқсас құрал жабдыкталады.

28. Шахта құдығының үстіне атмосфералық жауын-шашынның түсуін болдырмау мақсатында қалқа салынады.

29. Құдық (каптаж) ауыз суды көтеруге арналған құрылғылармен жабдыкталады.

Ауыз суды құдықтан (каптаждан) жеке шелектермен немесе жеке электр сорғылармен көтеру жүргізілмейді.

30. Орталықтандырылмаған сумен жабдықтау көзінен 20 м жақын радиуста көлік құралдарын жуу, кір жуу және шаю, жануарларды суару, қи, қоқыс және өндіріс пен тұтыну қалдықтарын жинау, сондай-ақ су көзі суының ластануына ықпал ететін қызметтер түрлері жүргізілмейді.

31. Орталықтандырылмаған сумен жабдықтау көзінің жабдықтарын тазартуды сумен жабдықтау жүйесін пайдалануды қамтамасыз ететін және (немесе) халықты ауыз сумен қамтамасыз ететін шаруашылық жүргізуші субъектілер жылына бір реттен сиретпей жүргізеді.

Әрбір тазалаудан немесе жөндеуден кейін су жинау құрылыстарына дезинфекция жүргізіледі, одан кейін жуылады және ауыз судың сапасы мен қауіпсіздігі бақыланады.

Тарату желісі жоқ ұңғымаларды, құдықтарды (шахталық, құбырлы), бұлақтардың каптаждарын дезинфекциялау:

1) профилактикалық мақсатта (жаңа объектілерді салу аяқталғаннан кейін немесе жұмыс істеп тұрған объектілерді тазартып, жөндегеннен кейін);

2) эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша (елді мекенде ішек инфекцияларының өршуі, құдықтар суына сарқынды және тасқын судың, нәжістің, жануарлар өлекселерінің және осыған ұқсас ластанулардың түсуі кезінде) жүзеге асырылады.

32. Орталықтандырылмаған сумен жабдықтау көзін жою кезінде су пайдаланушы су көзіне тампонаж жүргізеді.

Ұңғымалар тампонаждарына немесе тампонаждауға бұрғылау гидрокұрылыстарын, мысалы, артезиан ұңғымаларын сулы қабаттың биологиялық және химиялық ластануынан, бетон шегендеу сақиналарының бұзылуынан қорғауға бағытталған іс-шаралар кешені жатады.

Тампонаж:

1) сулы қабаттың оқшаулауы жеткіліксіз болған кезде құдық суының сапасы төмендеген;

2) бетон шегендеу сақиналары деформацияланған немесе бұзылған;

3) су жинау нүктенің пайдалануға қажеттілік болмаған;

4) әртүрлі су көкжиектерінің, мысалы, шоғырлануы жоғары металдар мен тұздардың тұщымен араласуының алдын алу;

5) геологиялық және (немесе) техникалық ақаулар анықталған;

6) бұрғылау және жайластыру өрескел бұзушылықтармен болған жағдайда көздің ластануының алдын алу;

7) су жинау нүктенің өнімділігі төмендеген және жаңасын құру мүмкіндігі болмаған кезде жүргізіледі.

3-параграф. Орталықтандырылған ыстық сумен жабдықтау жүйесіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

33. Ыстық сумен жабдықтау жүйесіне арналған бастапқы су және тұтынушыға берілетін ыстық судың сапасы қолданылатын жүйеге және өңдеу тәсіліне қарамастан, орталықтандырылған ауыз сумен жабдықтау жүйесі суының сапасына белгіленген гигиеналық нормативтерге сәйкес келеді.

Ыстық сумен жабдықтау тұрғын үйлерді ыстық сумен жабдықтау, тұрмыстық және өндірістік қажеттіліктерге арналған ұйымдарды арнайы жабдық пен құрылғылардың кешенімен жарақтандыру болып табылады.

Ыстық сумен жабдықтау жүйелеріне жабдықтар кешені: жылу көзі, су дайындау аппаратурасы, суысытқыштар, су тасымалдайтын су құбырлары, су температурасын реттеуге және бақылауға арналған құрылғылар жатады.

34. Орталықтандырылған ыстық сумен жабдықтау жүйесінің су тарату орындарындағы ыстық судың температурасы плюс 60 °С-тан төмен және плюс 75 °С-тан жоғары болмайды.

Орталықтандырылған ыстық сумен жабдықтау жүйесі тұтынушыларға құбырлар бойымен берілетін жылу электр станциясында су жылыту жүйесі болып табылады.

35. Ыстық суды дайындаудың және халыққа жеткізудің барлық кезеңдерінде ыстық судың сапасын өндірістік бақылау жүргізіледі.

Ыстық судың сапасын өндірістік бақылау:

1) жылумен жабдықтаудың жабық жүйелерінде – бастапқы судың (су құбыры) түсу орындарында және су ысытқыштардан кейін;

2) жылумен жабдықтаудың ашық жүйелерінде – бастапқы судың түсу (су құбыры немесе су көзі) орындарында, су дайындаудан кейін (толықтырулық су) және ыстық сумен жабдықтау желісіне түсу алдында;

3) жеке ыстық сумен жабдықтау желілері бар жылумен жабдықтау жүйелерінде – бастапқы судың (су құбыры) түсу орындарында және су ысытқыштардан кейін жүзеге асырылады.

Жылумен жабдықтау тұрғын үйлерді, ұйымдарды жылыту, желдету, ыстық су арқылы жылумен жабдықтау болып табылады.

Жылумен жабдықтаудың ашық жүйесі жылу желісіндегі суды ыстық сумен жабдықтауға тікелей тарататын жылумен жабдықтау жүйесі болып табылады.

Жылумен жабдықтаудың жабық жүйесі ыстық сумен жабдықтауға арналған су ысытқыштарда (бойлерлерде) ысытылатын жылумен жабдықтау жүйесі болып табылады.

Бөлек ыстық сумен жабдықтау желілері бар жылумен жабдықтау жүйесі жылу және ыстық сумен жабдықтау жүйесі арасында байланыс болмаған жағдайда орталықтандырылған шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау суының тікелей қыздырылуымен сипатталады.

36. Орталықтандырылған ыстық сумен жабдықтау жүйесі суының сапасын мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау желіге және тарату желісіне түсу алдында бастапқы су түсетін орындарда жүргізіледі.

37. Ыстық сумен жабдықтаудың әртүрлі жүйелерін қолдану мүмкіндігін бастапқы судың сапасына, су тарату нүктелеріндегі суға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға қарай жобалау ұйымы айқындайды.

38. Ыстық судың эпидемиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жылумен жабдықтаудың жүйелері ашық болғанда кемінде плюс 100 °С температурада судың деаэрациясы жүргізіледі.

Деаэрация судан еріген газдарды жою болып табылады.

39. Зираттардың, қоқыс үйінділерінің, мал қорымдарының, сауармалау егіншілік танаптарының, ассенизация алаңдарының аумағында және ыстық судың химиялық немесе биологиялық ластану қаупі бар басқа да учаскелерде жылумен жабдықтау жүйелеріне және өткізу тәсіліне қарамастан, жылу желілерін жүргізуге болмайды.

40. Ыстық сумен жабдықтаудың жылу желілері арналарда тұрмыстық және өндірістік кәріздеу желілерімен бірге өткізілмейді.

41. Ыстық сумен жабдықтау желілері басқа мақсаттағы су құбырларымен қосылмайды.

42. Жөндеу кезеңінде эпидемиялық мәні жоғары объектілер (қоғамдық тамақтану, тамақ өнеркәсібі объектілері, мектепке дейінгі және жалпы білім беру ұйымдары, сондай-ақ медициналық ұйымдар) жылудың басқа көздерінен немесе меншікті қордағы көздерден алынатын ыстық сумен қамтамасыз етілуі тиіс.

43. Аккумулятор бактар тұнбалардан және шөп басып кетуден мерзімді тазартылуы тиіс. Тазарту жиілігі пайдалану шарттарымен, бірақ кемінде екі жылда бір рет айқындалады.

Аккумулятор-бак су жинақтауға арналған ыдыс болып табылады.

44. Маусымдық ажырату кезеңінде, жөндеуден кейін және жаңа жылумен жабдықтау жүйелерін қосу кезінде түстілік көрсеткіштері бойынша плюс 70 °С-қа дейін және жылумен жабдықтаудың ашық жүйелеріне жалғанған ыстық сумен жабдықтау жүйелерінде темір құрамының литрге 1 миллиграммға (мг/л) дейін ауыз судың сапасына қойылатын гигиеналық нормативтерден ауытқуға жол беріледі.

45. Ыстық судың шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау желісіне түсуіне, сондай-ақ жылу жүйелерінің ыстық суын тарату жүргізілмейді.

4-параграф. Су объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

46. Халықтың су пайдалану үшін пайдаланатын беттік және жерасты су объектілері суының сапасы (бұдан әрі – су объектілері суының сапасы) су объектілерін немесе олардың учаскелерін:

1) ауыз су және шаруашылық-тұрмыстық су пайдалану көзі ретінде, сондай-ақ тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарын сумен жабдықтау үшін;

Бірінші санаттағы су айдыны орталықтандырылған немесе орталықтандырылмаған шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау көзі ретінде пайдаланылатын беттік су объектілері болып жатады.

2) рекреациялық су пайдалану үшін, сондай-ақ елді мекендер шегінде орналасқан су объектілерінің учаскелері үшін пайдалану түріне байланысты гигиеналық нормативтерге (ағыс бойынша ең жақын су пайдалану пункттерінен бір километр (бұдан әрі – км) жоғары ағын суда, ал ағынсыз су айдындары мен су қоймаларында су пайдалану пунктінің екі жағында бір км-де орналасқан тұстамада) сәйкес келеді.

Екінші санаттағы су айдыны жаппай демалу, туризм және спорт үшін пайдаланылатын, сондай-ақ елді мекендер шегінде орналасқан беттік су объектілері болып табылады.

Халықты ауыз сумен жабдықтау мақсаттары үшін пайдаланылатын су объектілері суының сапасы гигиеналық нормативтерге сәйкес келмеген кезде гигиеналық нормативтерге сәйкес тарату желісіндегі ауыз судың сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін су дайындау қолданылады.

Рекреация жаппай демалыс, туризм және спорт үшін пайдалануға арналған су объектісі немесе іргелес жағалауы бар оның учаскесі болып табылады.

47. Су объектісінің суында қауіптіліктің 1 және 2-сыныбындағы, уыттылық әсерінің бір бағытты механизмімен сипатталатын, оның ішінде канцерогенді 2 және одан көп заттар болған жағдайда су объектісіндегі олардың әрқайсысының шоғырлануының (C1, C2, ... Cn) мәйкес келетін РЕШШ-ға қатынасының жиынтығы бірді құрайды және мынадан кем:

$C1/РЕШШ1 + C2/РЕШШ2 + \dots + Cn/РЕШШn$ 1, C2, Cn – су объектісінің суында анықталатын n заттардың шоғырлануы; РЕШШ1, РЕШШ2 – сол заттардың РЕШШ-ы.

48. Су объектілеріне, беттік су объектілерінің мұз қабатының бетіне және су жинағыш аумағына:

1) құрамында гигиеналық нормативтерден жоғары мөлшерде бактериялық, вирустық және паразиттік сипаттағы инфекциялық аурулардың қоздырғыштары бар барлық түрдегі сарқынды су;

2) гигиеналық нормативтер белгіленбеген және оларды айқындау әдістері жоқ заттар (немесе олардың түрлену өнімдері) бар сарқынды су;

3) су көлігінің тазартылмаған сарқынды суы;

4) қойыртпақ, қар;

5) қалдықтар;

6) мұнай өнімдері және құрамында мұнай бар су;

7) ағынсыз өндірістерді, ұтымды технологияларды ұйымдастыру, өнеркәсіпте, қалалық шаруашылықта және ауыл шаруашылығында суару үшін тиісті тазартудан және зарарсыздандырудан кейін айналымды және қайта сумен жабдықтау жүйелерінде барынша пайдалану жолымен жойылатын сарқынды су;

8) зарарсыздандырылмаған, тазартылмаған немесе жеткілікті тазартылмаған өндірістік сарқынды су, сондай-ақ шаруашылық-тұрмыстық сарқынды су (санитариялық-аулалық қондырғылардың, қоғамдық дәретханалардың (әжетханалардың), қазылған шұңқырлардың) және өнеркәсіптік алаңдар мен елді мекендер аумағынан шығатын беттік ағын;

9) сумен және балшықпен емдеу үшін пайдаланылатын су айдындарының сарқынды суы;

10) тазарту құрылыстарынан кейінгі жуу суы төгілмейді.

Өндірістік және шаруашылық-тұрмыстық сарқынды су мал шаруашылығы немесе құс шаруашылығы кешендерінен шығарылған кезде тазарту құрылыстарына жіберіледі.

Тазарту құрылысын орналастыру үшін пайдаланылатын жер учаскесін тасқын және нөсер суы баспайды. Ағынды суды толық тазартуға арналған биологиялық тоғандар топырағы нашар сүзетін учаскелерде немесе гидрооқшаулағыш қорғауды пайдалана отырып ұйымдастырылады.

Қойыртпаққа борпылдақ (жұмсақ) консистенциялы өндіріс қалдықтары жатады.

49. Су объектілерінде және олардың жағалауларында көлік құралдарын жууға, сондай-ақ су объектілерін судың ластануынан, қоқыстануынан, батпақтануынан және сарқылуынан қорғауды қамтамасыз ететін құрылыстар болмаған кезде суды ластау көзі болып табылатын жұмыстар жүргізілмейді.

50. Құрамында радионуклидтер бар сарқынды суды ағызуды, жоюды және залалсыздандыруды шаруашылық жүргізуші субъектілер № ҚР ДСМ-71 бұйрығына сәйкес ағызуды және жоюды жүзеге асырады.

51. Сарқынды суды су айдындарына ағызуды (су бұруды) жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілер сарқынды суды шығарудың халықтың су пайдалану жағдайларына теріс әсерін болдырмау мақсатында сарқынды суды шығару орнын айқындау кезінде су объектісінің қазіргі және жобаланатын шығаруды ескере отырып болжамды суының сапасын, сондай-ақ қолданыстағы ластану көздерін, метеорологиялық және гидрологиялық жағдайларды (ауыспалы режимде жұмыс істейтін су электр станциялары режимінің күрт ауысуы кезінде кері ағу мүмкіндігін қоса алғанда) ескереді.

52. Елді мекендер шегіндегі су объектілеріне сарқынды суды ағызу тиісті негіздеме болғанда және "Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсетудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-336/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22004 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-336/2020 бұйрық) сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелерінің келісімімен жүзеге асырылады. Мұндай жағдайда су объектілері суының қасиеті мен құрамына қойылатын талаптар сарқынды суға да қатысты болады.

53. Су объектілеріне сарқынды суды бұру жағдайлары:

1) сарқынды суды жіберу орнынан бастап шаруашылық-ауыз су, халықтың суды мәдени-тұрмыстық пайдалану пункттеріне жақын есепті (бақылау) тұстамаларына дейінгі учаскедегі су объектісінің суымен ықтимал араластыру және еселеу деңгейін;

2) екі жыл бұрынғы талдау бойынша қаралатын сарқынды суды жіберу орнынан жоғары су объектісі суының фондық сапасын. Қаралатын және жақын су пайдалану пункті арасында басқа (қолданыстағы және (немесе) жобаланатын) сарқынды суды

жіберу бар болғанда фондық ретінде көрсетілген сарқынды суды жіберуді қосуды ескере отырып, су объектісі суының ластану деңгейі қолданылады;

3) су пайдалану түріне қолданылатын гигиеналық нормативтеріне су объектісі суының сапасы нормативтерін ескере отырып айқындалады.

54. Белгіленген нормативтер болмаған жағдайда су пайдаланушылар РЕШШ немесе су объектілерінің суындағы болжамды рұқсат етілетін деңгейді (бұдан әрі – БРЕД) негіздеу бойынша қажетті зерттеулер жүргізуді, сондай-ақ оларды РЕШШ деңгейінде анықтау әдістерін қамтамасыз етеді.

БРЕД уыттылық болжамының есептеу әдістері негізінде әзірленген және жобаланатын немесе салынатын ұйымдарды, тазалау құрылыстарын алдын ала санитариялық қадағалау кезеңінде қолданылатын болып табылады.

55. Су пайдаланудың есепті (бақылау) тұстамасында су объектісіндегі сарқынды суды еселеу жиілігін анықтау кезінде су объектісі суының орташа сағаттық шығыстары және сарқынды судың нақты түсуінің орташа сағаттық шығыстары бойынша есептеулер жүргізіледі.

Есептік гидрологиялық жағдайлар болып мыналар есептеледі:

реттелмеген ағын су үшін – Ұлттық гидрометеорологиялық қызметтің деректері бойынша 95 % қамтамасыз етілудің ең төменгі орташа тәуліктік су шығыны;

реттелген ағысы бар ағын су үшін – төменгі бьефтегі кері ағыс мүмкіндігін міндетті түрде болдырмаған кезде бөгеттен төмен белгіленген шығыс (санитариялық өткізгіш);

көлдер, су қоймалары мен басқа да ағысы баяу су айдындары үшін – ашық және мұз астындағы режим кезінде желдің әсері, су қоймаларын қолдану және толтыру жағдайлары үшін есептеулерді салыстыру арқылы анықталатын ең төмен қолайлы режим.

Бьефке ағысы бойынша су жинау құрылысынан (бөгет, шлюздер) жоғары немесе одан төмен орналасқан су айдынының, өзеннің, арнаның бір бөлігі жатады.

56. Судың ең аз орташа тәуліктік шығынының сулылығы қамтамасыз етудің 95 %-ынан кем болғанда тазартылған сарқынды суды ағызу "Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы есепке алу мен есеп құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № ҚР ДСМ-84 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 24 тамызда № 24082 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша ресімделген санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды (бұдан әрі – санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды) негізінде белгіленеді.

57. Сарқынды суды әрбір шығару және әрбір ластаушы зат үшін есептеулер негізінде су объектілеріне заттардың жол берілетін төгінді нормативтер (бұдан әрі –

ЖБТН) белгіленеді, оларды сақтау осы Санитариялық қағидалардың және гигиеналық нормативтердің талаптарына сәйкес су объектісіндегі есепті (бақылау) тұстамадағы судың нормативтік сапасын қамтамасыз етеді.

58. Сарқынды суды су объектілеріне бұру бұру жағдайларын № ҚР ДСМ-336/2020 бұйрыққа сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелерімен келісілгеннен кейін белгіленген тәртіппен берілетін арнайы су пайдалануға рұқсат негізінде жүзеге асырылады.

59. Су объектілеріне сарқынды суды бұру жағдайларын келісу:

1) судың жай-күйіне әсер ететін ұйымдардың, ғимараттардың, құрылыстардың және басқа да объектілердің құрылысына арналған алаңдарды таңдау кезінде, реконструкциялау (кеңейту) туралы мәселені қарау, ұйымды техникалық қайта жабдықтау немесе өндіріс технологиясын өзгерту кезінде;

2) жаңа және реконструкцияланатын (кеңейтілетін) объектілердің сарқынды суын кәріздеу, тазарту, залалсыздандыру және зарарсыздандыру жобаларын қарау кезінде;

3) арнайы су пайдалану материалдарын және жұмыс істеп тұрған объектілердің ЖБТН жобаларын қарау кезінде жүргізіледі.

60. Беттік және жерасты суының ластануын болдырмауға арналған құрылыстармен қамтамасыз етілмеген және белгіленген РЕШШ мен судағы зиянды заттарды анықтау әдістері болмаған кезде жаңа және реконструкцияланған объектілерді пайдалануға енгізу жүргізілмейді.

61. Сарқынды суды су айдындарына ағызуды (су бұруды) жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілер су объектілерін қорғау, олардың ластануы мен қоқыстануын болғызбау мақсатында халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелерімен рұқсат етілетін төгінділер нормативтерін келісуді қамтамасыз етеді.

62. Су пайдалануды жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілер:

1) беттік су объектілері суы сапасының гигиеналық нормативтерін сақтауға бағытталған санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шараларды жүргізеді;

2) жіберілетін сарқынды судың құрамын және су объектілері суының сапасын бақылайды;

3) осы Санитариялық қағидалардың 8-тармағына сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелерін халықтың денсаулығына қауіп төндіретін авариялық жағдайлардың туындау қатері, сондай-ақ авариялық жағдайлар туындаған кезде немесе су пайдалану жағдайлары туралы уақтылы хабардар етеді.

63. Жерасты суын қоректендіру аймағындағы топырақты суландыру үшін осы Санитариялық қағидаларға 5-қосымшада келтірілген өндірістік бақылау шеңберінде су

объектілерінің суына зертханалық зерттеу жүргізу кезінде су объектілері суының басым көрсеткіштерін белгілеу талаптарына сәйкес микробиологиялық және паразитологиялық көрсеткіштерге сай келетін сарқынды су пайдаланылады.

64. Жерасты су объектілеріне сарқынды суды айдауды жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъекті осы Санитариялық қағидаларға 5-қосымшада келтірілген өндірістік бақылау шеңберінде су объектілерінің суына зертханалық зерттеу жүргізу кезінде су объектілері суының басым көрсеткіштерін белгілеу талаптарын ескере отырып таңдалған, айдалған сарқынды судың химиялық құрамын сипаттайтын көрсеткіштер бақыланатын бақылау ұнғымаларын жабдықтайды.

65. Сарқынды суды беттік су объектілеріне ағызуды өндірістік бақылауды сарқынды суды су объектісіне ағызуды орнынан 500 м-ден аспайтын қашықтықта су пайдалануды жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілер ұйымдастырады және жүргізеді.

Елді мекендер шегінде сарқынды суды ағызуды кезінде сарқынды суды ағызуды өндірістік бақылау пункті тікелей ағызуды орнында орналасады.

66. Су пайдаланушылардың өндірістік бақылауды жүзеге асыруы кезінде беттік су объектісінің су сынақтарын алу орны, кезеңділігі бақыланатын аймақтың функционалдық мақсатына қарай:

1) ауыз сумен және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтауға арналған су жинау орындары орналасқан жерлерде – Санитариялық қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес;

2) халықтың жаппай демалатын орындарындағы су объектілерінде және рекреациялық аймақтарда су объектісін шомылуға пайдалану кезеңінде (жазғы сауықтыру кезеңінде) – микробиологиялық көрсеткіштер бойынша – күнтізбелік 10 күнде бір рет; органолептикалық, санитариялық-химиялық және паразитологиялық көрсеткіштер бойынша – айына бір рет белгіленеді.

67. Су сапасының гигиеналық нормативтерге сәйкес еместігі анықталған жағдайда су пайдалануды жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілер санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шараларды әзірлейді және жүргізеді.

68. Суағардың екі жағынан 10 м және суағардың диаметрі 1000 миллиметрден (бұдан әрі – мм) асқан кезде кемінде 20 м шегінде суағарлар өтетін жерде топырақ пен жерасты суының ластану көздері болмайды.

Қоқыс үйінділерінің, сүзгілеу алаңдарының, суару алқаптарының, зираттардың, мал қорымдарының аумағында суағарларды өткізуге, сондай-ақ өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының (ұйымдарының) аумағында магистральдық суағарларды өткізу көзделмейді.

5-параграф. Халықтың су пайдалану орындарында су айдындарының жағалау суын ластанудан қорғауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

69. Су пайдаланушы халықтың рекреациялық, емдік және сауықтыру мақсаттарында, ауыз су және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау мақсаттарында пайдалануы үшін су айдындары (су қоймалары, өзендер, көлдер, теңіздер) акваториясының учаскелерін, құрлықтың жағалаудағы белдеуін, сондай-ақ санитариялық қорғау аймақтарын (су айдындарын ауыз сумен және шаруашылық-тұрмыстық сумен жабдықтау көздері ретінде пайдаланған кезде) айқындаған кезде:

1) дауыл, су айдынына құятын өзендердің тасуы (жайылуы) кезіндегі су айдынының гидрологиялық және гидрохимиялық деректері;

2) халықты сумен жабдықтау үшін суды неғұрлым көп жинау кезіндегі судың құрамы мен қасиеттерінің көрсеткіштері;

3) дауыл, су айдынына құятын өзендердің тасуы (жайылуы) кезінде нормаланатын заттар шоғырлануының орташа арифметикалық мәні;

4) басым жағалау ағыстары;

5) айдау-кума желдер ескеріледі.

Халықтың су пайдалануы үшін пайдаланылатын су айдындары суының сапасы (бұдан әрі – су объектілері суының сапасы) су объектілерін немесе олардың мынадай учаскелерін пайдалану түріне байланысты гигиеналық нормативтерге сәйкес келеді:

1) шаруашылық-ауыз су пайдалану көзі ретінде су айдындарының немесе олардың учаскелерінің жағалау суы және жүзу бассейндеріне, сумен емдеу орындарына арналған су жинау орындары;

2) рекреациялық су пайдалануға арналған су айдындарының немесе олардың учаскелерінің жағалау суы (шомылу, су спорт түрлерімен айналысу), сондай-ақ елді мекендер шегінде орналасқан су айдындарының жағалау суының учаскелері.

70. Су объектісін рекреациялық мақсаттарда пайдалану (демалыс, туризм, спорт) Санитариялық қағидалар мен су объектісінің су объектісін халықтың денсаулығы үшін қауіпсіз пайдалану шарттарына сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды болған кезде жүзеге асырылады.

71. Су пайдалану орнындағы су айдыны суының құрамы мен қасиеттері гигиеналық нормативтерге сәйкес келеді.

72. Су пайдалануды жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілер Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасына сәйкес аккредиттелген зертханаларды тарта отырып, зертханалық зерттеулер мен өлшеулер жүргізу арқылы гигиеналық нормативтер мен осы Санитариялық қағидалар талаптарының сақталуын өндірістік бақылауды, санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шараларды жүзеге асырады.

Сарқынды суды ұйымдасқан түрде ағызуды өндірістік бақылау үшін су сынамаларын алу терең сулы шығаруға түсіру алдында (ағындарды зарарсыздандырудың тиімділігін бағалау мақсатында), ағызатын жердің үстінен және

ағызызатын жерден 500 м аспайтын радиуста, сондай-ақ тікелей су пайдалану орындарында жүзеге асырылады. Өндірістік бақылауды жүзеге асыру кезінде су сынамаларын алу орны мен кезеңділігі пайдаланылатын су айдыны бөлігінің ені мен ұзындығына байланысты болады:

1) жағажайлар мен рекреация аймақтары – көпшілік шомылатын жерлерде кемінде екі нүкте – су объектісін шомылу, спортпен шұғылдану үшін пайдалану кезеңінде 10 тәулікте бір рет;

2) шаруашылық-ауыз сумен жабдықтаудың су айдынының су жинау құрылыстары орналасқан жерлерде – осы Санитариялық қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес;

3) жүзу бассейндері мен сумен емдеу орындарына арналған су айдынының су жинау құрылыстары орналасқан жерлерде – айына кемінде 1 рет;

4) сауықтыру-спорттық пайдалану учаскелерінде – жылына 4 рет (көктемде, жазда, күзде, қыста);

5) терең сулы шығаруға түсіру алдында – айына 1 реттен сиретпей;

6) сарқынды суды шығару орындарында – тікелей ағызатын жерде және ағызатын жерден 500 м аспайтын радиуста – жылына 4 реттен сиретпей (көктемде, жазда, күзде, қыста).

Өндірістік бақылауды жүзеге асыру кезінде бақыланатын химиялық заттарды таңдау осы Санитариялық қағидаларға 6 және 7-қосымшаларға сәйкес жүзеге асырылады.

73. Микробиологиялық көрсеткіштер бойынша гигиеналық нормативтерден асқан кезде (жүйелі түрде алынған кем дегенде 2 сынамада), сондай-ақ су айдындары суының ластануына байланысты эпидемиялық жағдайды ескере отырып, суды зерттеуді су пайдаланушы бактериялық (сальмонеллалар, шигеллалар, *Campylobacter jejuni*) және вирустық (энтеровирустар, ротавирустар, А гепатиті вирустары) сипаттағы ішек инфекцияларының қоздырғыштары үшін көрсеткіштерге жүргізеді.

Шомылу, спортпен шұғылдану үшін су объектісін пайдалануды бастау кезеңінде, эпидемиялық ахуал айқындалатын көрсеткіштер: тіршілік етуге қабілетті гельминт жұмыртқалары (аскарид, қылдырықбастар, токсокарлар, фасциолдар), патогенді ішек қарапайымдыларының цисталары мен ооцисттері болып табылады.

74. Сарқынды суды ағызу, су пайдалану ауданында жұмыстар жүргізу кезінде бақылау тұстамасындағы (пунктіндегі) қалқыма заттардың құрамы гигиеналық нормативтерге сәйкес келеді.

75. Су пайдалану орнында су айдындарының суында инфекциялық аурулардың қоздырғыштары анықталған және (немесе) міндетті микробиологиялық көрсеткіштердің бір немесе одан артық рұқсат етілетін мөлшерден асып кеткен кезде гигиеналық нормативтерге қол жеткізуді қамтамасыз ететін іс-шаралар іске асырылғанға дейін сумен емдеу орнына су беруге және су айдынының осы учаскесінде рекреация аймағында суға түсу жүргізілмейді.

76. Өнеркәсіпте, қалалық шаруашылықта, ауыл шаруашылығында суару үшін қайталама, айналымды сумен жабдықтау жүйелерінде пайдалану техникалық мүмкін емес тазартылған сарқынды су терең сулы шығару арқылы ғана тазартылғаннан және зарарсыздандырылғаннан кейін су пайдалану ауданындағы су айдынының суына бұрылады, олардың ұзындығын тазарту құрылыстарының есептік өнімділігіне қарай су пайдалануды жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъекті айқындайды және тиісінше: тәулігіне 5 мың текше метрге дейін – 300 м; тәулігіне 5 мыңнан 50 мың текше метрге дейін – 1000 м; тәулігіне 50-ден 300 мың текше метрге дейін – 1500 м; тәулігіне 300 мың текше метрден астам – 2000 м құрайды.

Су пайдалануды жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъекті терең сулы шығарудың ұзындығын сарқынды суды ағызу кезінде ластанудың сейілуі мен таралуын есептеу нәтижелері бойынша олардың ұзындығын ұлғайту жағына ғана өзгертеді.

77. Терең сулы шығарудың орналасу жолын, инженерлік-техникалық және технологиялық шешімдерін таңдауды, сондай-ақ су пайдалануды жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъекті су айдынының жағалау аймағындағы сарқынды судың сейілу дәрежесін есептеу кезінде суды барынша пайдалану кезіндегі су айдынындағы судың сапасының ең нашар көрсеткіштерін ескере отырып жүргізуі қажет.

78. Рекреациялық аймақтар мен жағажайлардың су пайдалану аудандарында су айдындарының суына, мұз қабатының бетіне және су жинағыш аумағына:

1) тазартылмаған және зарарсыздандырылмаған сарқынды суды, оның ішінде жеткілікті тазартылмаған және зарарсыздандырылмаған шаруашылық-тұрмыстық, өндірістік, жауын-шашын, дренаж суын қоса алғанда, көлік құралының суын, рекреациялық су пайдалану су айдындары үшін белгіленген гигиеналық нормативтерге сәйкес келмейтін қалдықтардың барлық түрлерін;

2) гигиеналық нормативтер белгіленбеген, сондай-ақ оларды айқындау әдістері жоқ сарқынды суды;

3) қарды, қойыртпақты;

4) мұнай өнімдері мен құрамында мұнай бар суды ағызу жүргізілмейді.

6-параграф. Санитариялық қорғау аймақтары мен санитариялық-қорғаныш жолағына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

79. Шаруашылық-ауыз су қажеттілігіне беттік және жерасты көздерінен су беретін сумен жабдықтау көздерінде және су құбыры құрылыстарында СҚА көзделеді. СҚА жобасы № ҚР ДСМ-336/2020 бұйрыққа сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелерімен келісіледі.

80. СҚА екі және одан да көп әкімшілік аумақтарға қолданылғанда СҚА белгілеу жобасы халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның тиісті аумақтық бөлімшелерімен келісіледі.

81. СҚА мынадай үш белдеуден:

1) су жинау, су құбыры құрылыстарының орналасқан жерінің аумағын қамтитын және су жинау орындарын және су құбыры құрылыстарын ластанудан және бүлінуден қорғау үшін қызмет ететін бірінші белдеуден (қатаң режимдегі);

2) шаруашылық-ауыз су мақсатындағы сумен жабдықтау көздерінің суын микробиологиялық және химиялық ластанудың алдын алуға арналған аумақты қамтитын екінші және үшінші белдеуден (шектеулер) тұрады.

Суағарлардың санитариялық-қорғаныш жолағы шаруашылық-ауыз су мақсатындағы су құбыры суын ластанудан қорғайды.

Санитариялық-қорғаныш жолағына шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау суағарының бойымен оған жақын орналасқан және ондағы судың ластануының алдын алуға арналған аумақтар жатады.

82. Көздердің және су құбыры құрылыстарының СҚА-сы үш белдеулерінің әрқайсысында және шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау суағарларының санитариялық-қорғаныш жолағының шегінде олардың мақсатына сәйкес арнайы режим белгіленеді және су сапасының нашарлауының алдын алуға бағытталған іс-шаралар кешені айқындалады.

83. Арна асты су жинау орны бар ауыз сумен жабдықтау жүйелерінде СҚА беттік сумен жабдықтау көзіне ұқсас ұйымдастырылады.

84. СҚА және оның белдеулерін құрауыштардың, суағарлар мен магистральдық су құбырлардың санитариялық-қорғаныш жолағының белгіленген шекаралары сумен жабдықтау көздерін пайдалануда немесе жергілікті санитариялық-эпидемиологиялық жағдайда туындаған (алда болатын) өзгерістер жағдайларында (оның ішінде жерасты суындағы су жинаудың өнімділігі) № ҚР ДСМ-336/2020 бұйрыққа сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелерінің келісімі бойынша қайта қаралады.

1-бөлім. Сумен жабдықтаудың жерасты көзінің санитариялық қорғау аймағын белгілеуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

85. Сумен жабдықтаудың жерасты көзінің СҚА-ның бірінші белдеуінің шекаралары жеке сужинағыштан (ұңғыма, шахта құдығы, каптаж) немесе топтық су жинау орнының шеткі су жинау құрылыстарынан қорғалған жерасты суын пайдаланған кезде – 30 м, жеткіліксіз қорғалған жерасты суын пайдаланған кезде – 50 м қашықтықта белгіленеді.

Қорғалған жерасты суына қорғауы жеткіліксіз жоғарыда жатқан сулы көкжиектерден жергілікті қоректену мүмкіндігін болдырмайтын, барлық санитариялық

қорғаныш аймақтарының белдеулері шегінде тұтас су өткізбейтін жабыны бар қабат аралық сулар (арынды және арынсыз) жатады.

Жеткілікті қорғалмаған жерасты суына қоректенуін таралу аумағынан алатын жер бетінің бірінші қабатында орналасқан арынсыз сулы қабаттың жерасты (топырақты) суы; табиғи жағдайда немесе су жинауды пайдалану нәтижесінде санитариялық қорғаныш аймақтарының алаңында жеткіліксіз қорғалған сулы қабаттардан гидрогеологиялық терезелер немесе шатырдың өткізгіш жыныстары арқылы, сондай-ақ тікелей гидравликалық байланыс арқылы ағын су мен су айдындарынан қуат алатын арынды және арынсыз қабат аралық сулар жатады.

Арынды суға сулы қабаттың сыртқы бетіндегі атмосфералық қысымнан жоғары қысым астында орын ауыстыратын жерасты суы жатады.

Арынсыз суға сулы қабаттың жоғары бетінде атмосфералық қысым деңгейінде қысымы бар жерасты суы жатады.

86. Топырақ пен жерасты суының ластану мүмкіндігін болдырмайтын, объект аумағында орналасқан жерасты сужинағышы үшін, сондай-ақ қолайлы санитариялық, топографиялық, гидрологиялық және геологиялық жағдайларда орналасқан су жинағыш үшін СҚА-ның бірінші белдеуінің өлшемдері № ҚР ДСМ-336/2020 бұйрыққа сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелерімен келісу бойынша азайтылады, бірақ тиісінше 15 м және одан астамды (қорғалған жерасты суын пайдалану кезінде) және 25 м және одан астамды (жеткіліксіз қорғалмаған жерасты суы) құрайды.

87. Инфильтрациялық сужинағыштың СҚА-сы белдеуінің шекарасына, олардың арасындағы қашықтық 150 м-ден кем болса, сужинағыш пен беттік сумен жабдықтау көзі арасындағы жағалау аумағы қосылады.

88. Жерасты суының қоры жасанды толтырылған кезде су жинау үшін бірінші белдеу шекарасы сужинағыштан кемінде 50 м және инфильтрациялық құрылыстардан кемінде 100 м қашықтықта жерасты жеткіліксіз қорғалған сумен жабдықтау көзіне ұқсас орнатылады.

89. СҚА-ның екінші және үшінші белдеулері шекарасын анықтау кезінде сулы көкжиектен сужинағыштың қоректену аймағынан шығатын сужиянығшқа жерасты суының келуі ескеріледі.

90. Жерасты суының инфильтрациялық сужинағышы үшін және оны қоректендіретін беттік су айдыны үшін СҚА-ның екінші және үшінші белдеуін орнату қажет.

2-бөлім. Беттік сумен жабдықтау көзінің санитариялық қорғау аймағын белгілеуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

91. Беттік шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау көзінің СҚА-ның бірінші белдеу шекарасы мынадай шектерде орнатылады:

1) ағын су үшін (өзендер, арналар) сужинағыштан кемінде 200 м ағыс бойынша жоғары, сужинағыштан кемінде 100 м ағыс бойынша төмен, жазғы-күзгі сабасы кезінде су кемерінің жиегінен кемінде 100 м сужинағышқа іргелес жағалау бойынша қашықтықта.

Сужиянғыштан қарама-қарсы жағалауға қарай бағытта өзен немесе арнаның ені 100 м-ден кем болғанда барлық акватория және ені жазғы-күзгі сабасы кезінде су кемері жиегінен 50 м қарама-қарсы жағалау, өзен немесе арнаның ені 100 м-ден артық болғанда ені сужинағыштан кемінде 100 м акватория жолағы;

2) шөмішті сужинағыштарда бірінші белдеу шекарасына шөміштің барлық акваториясы кіреді;

3) су айдындары үшін (су қоймалары, көлдер) бірінші белдеу шекарасы жергілікті санитариялық және гидрологиялық жағдайға байланысты, бірақ сужинағыш акваториясы бойынша барлық бағыттарда және жазғы-күзгі сабасы кезінде су кемері жиегінен сужинағышта іргелес жағалау бойынша кемінде 100 м белгіленеді;

4) теңіз суын тұщыландыру әдістерімен шаруашылық-ауыз су мақсаттары үшін пайдаланған кезде сужинағыштар үшін бірінші белдеудің шекарасы жергілікті санитариялық-эпидемиологиялық және гидрологиялық жағдайларға байланысты, бірақ сужинағыш арнасына суды қабылдау орнынан акватория бойынша барлық бағыттарда кемінде 100 м белгіленеді.

Жағалау сызығының нақты гидрофизикалық және топографиялық-гидрологиялық ерекшеліктеріне байланысты сужинағыш арнасының теңіз жағына қарай ұзындығы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беріле отырып, СҚА негіздемесі жобасының негізінде, бірақ кемінде 300 м болып белгіленеді.

Кемер дегеніміз өзен, көл немесе жасанды су айдынының су бетінің құрлық бетімен қиылысу сызығы болып табылады.

Саба дегеніміз өзендер мен көлдердегі судың жыл сайын қайталанатын маусымдық төмен (саба) деңгейде тұруы болып табылады.

Саба деңгейі дегеніміз өзендер мен көлдердегі судың жыл сайын қайталанатын маусымдық деңгейі болып табылады.

Қазақстан Республикасының теңіз суларына Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда көзделгенді қоспағанда, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы шегіндегі Каспий және Арал теңіздерінің сулары жатады.

Аумақтық (теңіз) суды есептеу Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес айқындалатын тиісті географиялық нүктелерді қосатын бастапқы түзу сызықтан, сондай-ақ Қазақстан Республикасына тиесілі құрлықта да, аралдарда да судың ең көп қайтатын жиегінен жүзеге асырылады.

92. Ағын судағы СҚА-ның екінші белдеуінің шекарасы микробтық өзін-өзі тазарту мақсатында:

1) ағын судың ені мен ұзындығы бойынша немесе оның жеке учаскелерінде орташаланған су ағысының жылдамдығына және судың I А, Б, В, Г және II А климаттық аудандар үшін кемінде 5 тәулік және қалған климаттық аудандар үшін 3 тәулік 95% қамтамасыз етілудің жазғы-күзгі сабасы суының орташа айлық шығыны кезінде белдеу шекарасынан сужинағышқа дейін судың ағу уақытына қарай ағыс бойынша жоғары;

2) желді кері ағыстың әсерін болдырмауды есепке ала отырып, сужинағыштан кемінде 250 м ағыс бойынша төмен алып тасталады;

3) бүйір шекаралары – жазғы-күзгі сабасы кезінде су кемері: жергілікті жердің жазық рельефі кезінде кемінде 500 м, жергілікті жердің таулы рельефі кезінде сумен жабдықтау көзі жағына қараған бірінші бөктердің шыңына дейін бөктер жазық болғанда кемінде 750 м және бөктер тік болғанда кемінде 1000 м қашықтықта орналасады.

93. Су айдындарындағы СҚА-ның екінші белдеуінің шекарасы 10%-ға дейін кума жел болғанда үш км және 10%-дан астам кума жел болғанда бес км қашықтықта сужинағыштан барлық бағытта акватория бойынша алып тасталады.

Теңіз суын тұщыландыру әдістерін қолдану кезінде теңіздегі СҚА-ның екінші белдеуінің шекарасы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беріле отырып, СҚА негіздемесі жобасының негізінде гидрофизикалық және топографиялық-гидрологиялық ерекшеліктерді ескере отырып, алып тасталады.

Тұщыту әдістері дегеніміз судан еріген тұздар мен басқа да қоспаларды алып тастаудың физикалық және химиялық әдістері болып табылады.

94. Нақты санитариялық-эпидемиологиялық жағдайды есепке ала отырып және тиісті негіздеме болғанда СҚА-ның екінші белдеуінің аумағы № ҚР ДСМ-336/2020 бұйрыққа сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелерімен келісу бойынша ұлғайтылады.

95. Сужинағыш аумағынан тыс орналасқан шаруашылық-ауыз су мақсатындағы су құбыры құрылыстарының СҚА-сы бірінші белдеумен (қатаң режимдегі), суағарлар мен магистральдық су құбырлары үшін – санитариялық-қорғаныш жолағымен ұсынылған.

3-бөлім. Су құбыры құрылыстарының санитариялық қорғау аймағын белгілеуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

96. Су жинау аумағынан тыс орналасқан шаруашылық-ауыз су мақсатындағы су құбыры құрылыстарының СҚА-сы бірінші белдеумен (қатаң режимдегі), суағарлар мен магистральдық су құбырлары үшін – санитариялық-қорғаныш жолағымен ұсынылған.

97. Су құбыры құрылыстарының СҚА-сының бірінші белдеуінің шекарасы мынадай қашықтықта қабылданады:

1) қосалқы және реттеуші ыдыстардың, сүзгілердің және жанасатын тұндырғыштардың қабырғасынан – кемінде 30 м;

2) су айдауыш мұнарасынан – кемінде 10 м;

3) қалған үй-жайлардан (тұндырғыштар, реагенттік шаруашылық, хлор қоймасы, сорғы станциялары, қосалқы үй-жайлар) – кемінде 15 м;

4) № ҚР ДСМ-336/2020 бұйрыққа сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелерімен келісу бойынша конструктивтік ерекшеліктеріне байланысты жеке тұрған су айдауыш мұнаралары үшін СҚА-ның бірінші белдеуі орнатылмайды.

Су құбыры құрылыстарының аумағында хлордың шығыс қоймасы болған жағдайда тұрғын және қоғамдық ғимараттарға дейінгі СҚА өлшемдері кемінде 300 м деп қабылданады.

98. Санитариялық-қорғаныш жолағының ені су құбырының шеткі жиегінен екі жаққа қарай:

1) су құбыры диаметрі 200 мм дейін болғанда қашықтық кемінде 6 м;

2) су құбырының диаметрі 200-400 мм болғанда қашықтық кемінде 8 м;

3) су құбырының диаметрі 400-1000 мм болғанда қашықтық кемінде 10 м;

4) су құбырының диаметрі 1000 мм және одан артық болғанда қашықтық кемінде 20 м;

5) жерасты суы бар болғанда су құбырының диаметріне қарамастан – 50 м болып қабылданады.

Құрылыс салынған аумақтан өтетін суағарлар үшін санитариялық-қорғаныш жолағының енін қысқарту халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесінің санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы болған кезде жүргізіледі.

4-бөлім. Сумен жабдықтаудың жерасты көздерінің санитариялық қорғау аймағының аумағын күтіп-ұстауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

99. Жерасты сумен жабдықтаудың су көздерінің СҚА-сының бірінші белдеуінің аумағы беткі ағынды оның шегінен бұру үшін жоспарланады, көгалдандырылады, абаттандырылады және күзетпен қамтамасыз етіледі.

Су құбыры құрылыстарын пайдалануға қатысы бар адамдардың ғана СҚА-ның бірінші белдеуінің аумағына және су құбыры құрылыстарының аумағына кіруіне рұқсат беріледі. Сужинағыштың қабылдағыштарының бірінші белдеуінің аумағы биіктігі кемінде 2,5 м біртұтас қоршаумен жабдыкталады.

100. СҚА бар су дайындау станцияларының, сорғы станцияларының, резервуарлар мен су айдауыш мұнаралардың алаңдарында биіктігі кемінде 2,5 м біртұтас қоршау болады. Біртұтас қоршаудың биіктігі 2,0 м және 0,5 м-ге тікенек сыммен немесе металл

тордан қоршайды. Қоршауға өтпелі және әкімшілік-тұрмыстық ғимараттардан басқа құрылыстарды жанастыру көзделмейді.

101. Жерасты және жерүсті суын жинау құрылыстарының, бірінші биіктіктегі және өңделмеген суды айдау сорғы станцияларының алаңдары үшін, сондай-ақ ұйымдардың аумағында орналастырылатын, қоршауы және күзеті бар шаруашылық-ауыз суы құбырының құрылыс алаңдары үшін қоршаудың түрі жергілікті жағдайларды есепке ала отырып қабылданады.

102. Шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау (жерүсті және жерасты) көздерінің СҚА-сының бірінші белдеу аумағында биік діңгекті ағаштар отырғызуға, су құбыры құрылысын пайдалануға, реконструкциялауға және кеңейтуге тікелей қатысы жоқ құрылыстың барлық түрлеріне, оның ішінде әртүрлі мақсаттағы құбырларды өткізуге, тұрғын және шаруашылық-тұрмыстық ғимараттарды орналастыруға, адамдардың тұруына, кәсіпшілік балық аулаумен айналысуға, улы химикаттар және тыңайтқыштарды қолдану жүргізілмейді.

103. Сужинағыш құрылыстардың ғимараттары сарқынды суды жақын жердегі тұрмыстық кәріз жүйесіне бұру арқылы кәрізбен немесе жергілікті тазарту құрылыстарымен жабдыкталады.

Кәріз болмаған жағдайда СҚА аумағының ластануын болдырмайтын орындарда орналасқан қоқыс пен тұрмыстық қалдықтардың су өткізбейтін қабылдағыштары орнатылады.

104. Бірінші және екінші белдеулердің СҚА аумағы таза ұсталады (тұрмыстық, құрылыс қоқыстарынан, жапырақтан, қураған ағаштардан, қардан тазаланады). Сужинағыш құрылыстардың санитариялық-техникалық жай-күйі (таза су резервуары, сорғы станциясының павильоны, хлорлау және сужинағыш құрылыстарының басқа да үй-жайлары) тиісті санитариялық күйде болады (әктелген, боялған, аққан сұйықтық ізі жоқ), ғимараттардың айналасындағы төсеніштер герметикалық болады.

105. Шаруашылық-ауыз сумен жабдықтаудың жерасты және беттік көздерінің СҚА-сында мынадай іс-шаралар жүргізіледі:

1) барлық ескі, жұмыс істемейтін, ақаулы немесе дұрыс пайдаланылмайтын, сулы көкжиектің ластану мүмкіндігі бөлігінде қауіп төндіретін ұңғымаларды анықтау, тампонаждау (консервілеу) немесе қалпына келтіру;

2) объектілердің аумағын санитариялық абаттандыру бойынша іс-шаралар (кәрізбен жабдықтау, су өткізбейтін шұңқырларды орнату, беттік ағындарды бұруды ұйымдастыру).

106. СҚА-да:

1) пайдаланылған суды жерасты көкжиегіне айдауға, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға және жер қойнауын өңдеуге;

2) зираттарды, мал қорымдарын, ассенизациялау алқаптарын, сүзгілеу алқаптарын, қи сақтайтын орындарды, сүрлем орларын, мал шаруашылығы және құс

шаруашылығының шаруашылық жүргізуші субъектілерін, мая соятын орындарды, мал соятын алаңдар мен жерасты суының микробтық, химиялық ластану қаупіне себепші болатын осыған ұқсас объектілерді орналастыруға;

3) тыңайтқыштар мен улы химикаттар қоймаларын қолдануға және орналастыруға;

4) жанар-жағар май материалдары қоймаларын, шаруашылық-тұрмыстық және өнеркәсіптік сарқынды суды жинағыштарды, шлам қоймасын, құрылыс материалдары (шағылтас, қалдық және басқа да құрылыс материалдары) қоймаларын және жерасты суының микробтық, химиялық ластану қаупіне себепші болатын өндірістік объектілерді орналастыру жүргізілмейді.

5-бөлім. Сумен жабдықтаудың беттік көздерінің санитариялық қорғау аймағының және суағарлардың санитариялық-қорғаныш жолағының аумағын күтіп-ұстауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

107. СҚА-да сарқынды суды, оның ішінде су көлігінің сарқынды суын ағызу, сондай-ақ шомылу, кір жуу, мал суару, автокөлікті жуу, кәсіпшілік балық аулаумен айналасу және судың сапасына әсер ететін әр түрлі су пайдалану жүргізілмейді.

108. Жолдар, жаяу жүргіншілер жолдарының қиылыстарында СҚА-ның екінші белдеуінің шекарасы "Санитариялық қорғау аймағы" деген арнайы белгісі бар бағанмен белгіленеді.

Суағарлар мен магистральдық су құбырлары "Санитариялық қорғау аймағы" баған түріндегі арнайы белгілермен белгіленеді.

Суағарлар және магистралдық су құбырлары ауыз сумен жабдықтау көздерінен суды тұтыну орнына жеткізу үшін жұмыс істейтін құбырлар түріндегі құрылыстар болып табылады.

109. СҚА акваториясының шегінде құм, қиыршық тас өндіруге және түпті тереңдету жұмыстары жүргізілмейді.

110. Сумен жабдықтаудың беттік көздерінің СҚА-сы шегінде осы Санитариялық қағидалардың 105-тармағына сәйкес іс-шаралар орындалады. Беттік көздердің СҚА-сы шегінде:

1) негізгі пайдалануды кесу;

2) мал тұрақтарын орналастыруға және мал жаюға, су айдыны мен жер учаскелерін, сумен жабдықтау көзі суының сапасының нашарлауына немесе көлемінің азаюына әкелуі мүмкін басқа да мақсаттарда ені кемінде 500 м жағалау жолағының шегінде орман ресурстарын пайдалану;

3) өнеркәсіптік, ауыл шаруашылығы, қалалық және жауын-шашынның сарқынды суын ағызу жүргізілмейді.

111. Суағарлардың санитариялық-қорғаныш жолағының шегінде топырақ пен жерасты суын ластау көздерін (әжетханалар, қазылған шұңқырлар, қи сақтайтын орындар, қоқыс қабылдағыштар) орналастыруға болмайды.

6-бөлім. Санитариялық қорғау аймағын және санитариялық-қорғаныш жолақтарын белгілеу тәртібі

112. СҚА белдеулерінің шекараларын белгілеу:

- 1) сумен жабдықтау көзінің түріне (беттік немесе жерасты);
- 2) ластану сипатына (химиялық, микробтық);
- 3) беттік ластанудан табиғи қорғалу дәрежесіне (жерасты көзі үшін);
- 4) гидрогеологиялық және гидрологиялық жағдайларға байланысты болады.

113. СҚА-ның 2, 3-белдеулерінің көлемін белгілеу кезде мыналар:

- 1) 2-белдеу үшін – микроорганизмдердің өміршеңдік уақыты;
- 2) 3-белдеу үшін – су ортасындағы оның химиялық құрамын тұрақты ретінде қабылдай отырып, химиялық ластанудың таралу ұзақтығы ескеріледі.

114. СҚА белдеулерінің көлемін анықтау кезінде микроорганизмдердің таралу мүмкіндігін шектейтін факторлар, химиялық ластанулардың түрленуге бейімділігі және осы процестердің заңдылығы жеткілікті түрде зерделенген болса, сумен жабдықтау көздерінде жүретін химиялық-физикалық процестердің әсерінен олардың шоғырлануының төмендеуі ескеріледі.

115. Жерасты сумен жабдықтау көзінің СҚА-сының екінші белдеуінің шекаралары жерасты суының СҚА-сының екінші белдеуі шекараларын есептеу үшін микробтық ластанудың ілгерілеу уақыты осы Санитариялық қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес келетін жағдайда белгіленеді.

116. Химиялық ластанудан қорғауға арналған СҚА-ның үшінші белдеуінің шекарасы гидродинамикалық есептеулермен айқындалады. Сужинағышқа химиялық ластанудың қозғалу уақыты сужинағышты пайдалану мерзімі ретінде қабылданатын мерзім есебімен қабылданады (25-50 жыл).

Жерасты суының қоры су құбырын пайдаланудың шектелмеген мерзімін қамтамасыз етеді, үшінші белдеу тиісінше жерасты суы сапасының барынша ұзақ уақыт сақталуын қамтамасыз етеді.

117. Жерасты және беттік сумен жабдықтау көздерінің СҚА-сын белгілеу үшін шаруашылық-ауыз су мақсатына жарамдылығы туралы су объектісінің (ашық және жерасты) жағдайын бағалау жүргізіледі.

118. Жерасты сумен жабдықтау көзінің СҚА-сын белгілеу үшін мынадай деректер қолданылады:

- 1) су көзі суының сапасы;
- 2) сумен жабдықтау көзі орналасқан аумақтың жалпы гидрогеологиялық сипаттамасы, таңдап алынған су көкжиегінің типі (артезиандық-арынды, топырақтық-арыны жоқ) бойынша деректер, оның жабынының жату тереңдігі (абсолюттік белгі), қуаттылығы, сусыйымдылықты жыныс, сулы көкжиектің қоректену және босатылу жағдайлары мен орны, көкжиекте судың молдығы (пайдалану қоры),

сумен жабдықтау үшін көкжиекті қолданыстағы және перспективті және басқа мақсатта пайдалану;

3) ауданның (кен орнының) гидрогеологиялық жағдайлары туралы жалпы мәліметтер, сумен жабдықтау үшін пайдалануға ұсынылатын сулы қабаттың қоректену жағдайлары, сужинағыш учаскесінің топографиялық, топырақтық және санитариялық сипаттамасы, пайдалану жоспарланған сулы көкжиектің сипаттамасы (литологиялық құрамы, қуаты, бөгеу сипаттамасы, су алуды есептеу кезінде судың динамикалық деңгейі);

4) қабаттардың, бөгелетін қабаттардың өткізгіштік дәрежесі, қоректену аймағының судың сапасына әсер ету мүмкіндігі туралы деректер;

5) сужинағышқа тікелей іргелес жердің санитариялық сипаттамасы, сужинағыштан ықтимал ластану көздері: қараусыз ұңғымалар, сіңіргіш шұңқырлар, ойылған жерлер, құдықтар, қараусыз тау-кен орындары, жинақтағыштарға дейінгі орналасу және арақашықтық.

119. Беттік сумен жабдықтау көзінің СҚА-сын белгілеу үшін мынадай деректер пайдаланылады:

1) су көзі суының сапасы;

2) гидрологиялық деректер: сужинағыштың қоректену бассейнінің алаңы, беттік ағын режимі, ең жоғарғы, ең төменгі және орташа шығындар, сужинағыш орнындағы судың жылдамдығы мен деңгейі, мұзқұрсау мен ашудың орташа мерзімдері, көздегі болжамды шығын, көтерілу-қайту ағыстарының сипаттамасы жөніндегі деректер;

3) бассейнді сужинағыш тұсында судың сапасына әсер ететін бөлігіндегі жалпы санитариялық сипаттамасы: бассейндің геологиялық құрылым сипаты, топырағы, өсімдіктер, орманның, жыртылатын жерлердің, елді мекендердің бар болуы, өнеркәсіптік кәсіпорындар (олардың саны, көлемі, орналасуы, өндіріс сипаты);

4) су көзіндегі су сапасының нашарлауына әсер ететін немесе әсер ете алатын себептер, көздің орналасқан ауданындағы қатты және сұйық қалдықтарды жою тәсілдері мен орындары, су айдынын ластайтын тұрмыстық, өндірістік ағындардың болуы, бұрылатын сарқынды судың мөлшері, оларды тазарту құрылыстары мен олардың орналасқан жерлері, ағындарды ағызу орнынан сужинағышқа дейінгі арақашықтық, көздің ластануының басқа да ықтимал себептері (кеме қатынасы, ағаш ағызу, суат, қыста мұзға қоқыс үю, шомылу, су спорты, мелиорациялық жұмыстар, ауыл шаруашылығында тыңайтқыштар мен улы химикаттарды пайдалану);

5) су айдынының өзін-өзі тазарту қабілетінің сипаттамасы;

6) су қоймасы бетінің алаңы мен көлемі, пайдалы және "өлі" көлем;

7) су қоймасында суды пайдалану мен өңдеу режимі;

8) су қоймасы жоспары, оның ең жоғары және ең төменгі тереңдігі, түбінің, жағалауларының, түптік шөгінділердің сипаттамасы, көктенудің, шөп басудың, лайланудың болуы;

- 9) басым желдер мен ағыстардың бағыты;
- 10) су объектісі суының қозғалыс жылдамдығы;
- 11) СҚА-ның жекелеген белдеулері бойынша оның шекараларын есептеу;
- 12) көздің суын өңдеу қажеттілігі туралы деректер (зарарсыздандыру, т.ссіздендіру, темірсіздендіру және өзгелері);
- 13) бірдей қоректену аймағы бар көршілес сужинағыштар туралы деректер (орналасқан жері, өнімділігі, судың сапасы);
- 14) биомелиорация бойынша жұмыстарды жүргізу жоспары.

120. СҚА жобасының құрамына мәтіндік бөлім, картографиялық материал және жергілікті атқарушы органдар шешімдерінің жобасы кіреді.

121. СҚА жобасының мәтіндік бөлімі:

1) сумен жабдықтау көздерінің санитариялық жағдайының сипаттамасы, қолданыстағы санитариялық қағидаларда көзделген көлемде судың сапасын талдау нәтижелерін;

2) беттік сумен жабдықтау көзі болғанда гидрологиялық деректерді (негізгі, параметрлер мен олардың уақыт бойынша серпіні) немесе жерасты көзі болғанда гидрогеологиялық деректерді;

3) жерасты көзі мен беттік су айдыны арасында гидравликалық байланыс болған жағдайда олардың өзара ықпалын сипаттайтын деректерді;

4) шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау көздері орналасқан аудандағы құрылыс перспективасын, оның ішінде тұрғын, өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы объектілері туралы деректерді;

5) тиісті негіздемемен бірінші, екінші, үшінші СҚА белдеулерінің шекараларын айқындауды және орындау мерзімдері және қаржыландыру көздері айқындалған жауапты орындаушылар көрсетілген іс-шаралар тізбесін;

6) барлық белдеулердегі СҚА-ға кіретін аумақтарды шаруашылықта пайдалану қағидаларын және режимін қамтиды.

122. Жобаның картографиялық материалы мынадай көлемде ұсынылады:

1) СҚА-ның екінші және үшінші белдеулері жобаланған және су жинау орындары мен су құбыры құрылыстарының алаңдары, сумен жабдықтау көзі мен оның қоректену бассейні түсірілген ахуалдық жоспар;

2) жерүсті сумен жабдықтау көзі болғанда сужинағыштың қоректену аймағы шегінде ерекше бағыттар бойынша гидрологиялық кескіндер;

3) 1:500 – 1:1000 масштабында СҚА бірінші белдеуінің жоспары;

4) осы аумақта орналасқан барлық объектілерді түсіре отырып, жерасты су көзі болғанда 1:10000 - 1:25000 масштабында және беттік су көзі болғанда 1:25000-1:50000 масштабында орындалған СҚА екінші және үшінші белдеулерінің жоспары.

7-параграф. Су қорғау аймақтары мен жолақтарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

123. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жері мен мемлекеттік орман қорының құрамына кіретін су объектілерін қоспағанда, беттік су айдындарының қолайлы су режимін ұстап тұру, олардың лайлануы мен балдырлануының, топырақтың су эрозиясының, су жануарлары мен құстарының тіршілік ету жағдайларының нашарлауының, ағынның тербелісінің азаюының алдын алу мақсатында су айдындарын биомелиорациялау бойынша іс-шаралар жүргізіледі және су қорғау аймақтары мен жолақтары белгіленеді.

124. Су қорғау аймақтары мен жолақтары және олар орналасқан жерлерді шаруашылықта пайдалану режимі Қазақстан Республикасы Су кодексінің 116-бабы ережесінің талаптарына сәйкес белгіленеді.

125. Өзен алқабын, жайылма үсті террасаларын, түпкі жағалаулардың тік еңістерін, жыралар мен жылғаларды қоса алғанда, судың орта көпжылдық сабалық деңгейінің кемерінен әрбір жағалау бойынша су қорғау аймақтарының ең аз ені:

1) шағын өзендер үшін (ұзындығы 200 км-ге дейін) 500 м;

2) қалған өзендер үшін: су жинағышта шаруашылықта пайдаланудың қарапайым шарттарымен және қолайлы экологиялық жағдаймен 500 м;

3) су жинағышта шаруашылықта пайдаланудың күрделі шарттарымен және экологиялық жағдай күрделі болғанда 1000 м болып қабылданады.

126. Арналық су қоймалары үшін су қорғау аймағының ең аз ені өзі орналасқан өзендердікі сияқты қабылданады. Су қорғау аймағының ішкі шекарасы қалыпты тірелген деңгейде су кемері бойынша өтеді.

127. Құйылмалы су қоймалары және көлдер үшін су қорғау аймағының ең аз ені су айдыны акваториясы 2 шаршы километрге (бұдан әрі – км²) дейін болғанда 300 м-ді және акватория 2 км²-ден артық болғанда 500 м-ді құрайды. Көлдер үшін су қорғау аймағының ішкі шекарасы судың орташа көп жылдық кемері бойынша өтеді.

128. Су қорғау аймақтарының көрсетілген өлшемдері жергілікті физикалық-географиялық жағдайларға, су объектісін шаруашылықта пайдалану мәніне және сипатына, іргелес аумақтың топырақтық, гидрологиялық, рельефтік, санитариялық-техникалық және басқа да шарттарына байланысты өзгереді.

129. Табиғи және жасанды шекаралар немесе беттік ағынды су объектілеріне жоғары жатқан аумақтардан (өзен алқаптары мен жылғаларының ернеулері, жол-көлік желісі, бөгеттер, орман массивтерінің шеті) түсу мүмкіндігін болдырмайтын кедергілер су қорғау аймағының шекаралары болып табылады.

130. Елді мекендерде су қорғау аймағының шектерінде су объектісінің ластануын және қоқыстануын болдырмайтын пайдалану режимі сақталады.

131. Өзендер мен магистральдық арналардың су қорғау жолақтарының өлшемдері өзен алқаптарының нысаны мен жүйелері, іргелес еңістердің тіктігі, жағалауларды қайта өңдеуді болжау және ауыл шаруашылығы алқаптарының құрамы ескеріле отырып айқындалады.

Өзендер мен магистральдық арналардың су қорғау жолақтарының өлшемдері осы Санитариялық қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес келеді.

Магистралдық арна дегеніміз суды бір бассейнен екіншісіне, сондай-ақ бір өзен жүйесінен басқасына ауыстыруға арналған жасанды құрылыс болып табылады.

132. Су қорғау жолақтарының көрсетілген өлшемдері жағалауларды болжамды қайта өңдеу еніне он жылдық кезеңге ұлғайтылады. Құнды ауыл шаруашылығы алқаптарында жағалау бойында ағаш-бұталы жолақтар немесе қорғаныш және жағалауды бекіту құрылыстары болған кезде су қорғау жолақтарының ені азайтылады.

133. Елді мекендер шектерінде су қорғау жолақтарының шекаралары жағалау аймағы міндетті түрде су объектісінің ластануын болдырмай (қалқандар, опырылу, орман-бұталы жолақтар) орнатылған кезде жоспарлану мен құрылыс салынуына қарай белгіленеді.

134. Қолда бар үй жанындағы, саяжай және бау-бақша учаскелері су қорғау режимін сақтаған жағдайда олардың су қорғау жолағының шегінде орналастырылады.

135. Су қорғау аймақтары мен жолақтарының шектерінде Қазақстан Республикасының Су кодексінің 125-бабында келтірілген кәсіпорындарды және басқа да құрылыстарды орналастыру, жобалау, салу, реконструкциялау және пайдалануға енгізу жүргізілмейді.

136. Су қорғау аймағында мәжбүрлі санитариялық өңдеу жүргізілгенде уыттылығы әлсіз және орташа тұрақты емес пестицидтер қолданылады.

137. Су қорғау аймағын ұйымдастыру кезінде халықты сумен жабдықтауға, курорттық, сауықтыру және басқа да мұқтаждықтарына пайдаланылатын су көздерінің СҚА-сын құруға рұқсат етіледі, олардың шекаралары мен өлшемдері осы Санитариялық қағидаларда белгіленеді.

138. Пайдалануында су қорғау аймағының шектерінде орналасқан жер алқабы бар жеке және заңды тұлғалар су қорғау аймақтарын тиісті жағдайда күтіп-ұстауды және қордағы жердің аумағы мен су қорғау жолақтарының аумақтарын қоспағанда, олардың аумағын шаруашылықта пайдалану режимін сақтауды қамтамасыз етеді.

8-параграф. Сумен жабдықтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

139. Сумен жабдықтау объектілеріндегі өндірістік және тұрмыстық үй-жайлар су құбырымен және су бұрумен жабдықталады. Орталықтандырылған су бұру жүйесіне қосу мүмкіндігі болмаған кезде жинағыш-септиктермен, су өткізбейтін қазылған шұңқырлармен жабдықталады.

140. Сумен жабдықтау объектілеріндегі өндірістік үй-жайлар табиғи және жасанды жарықтандырумен қамтамасыз етіледі. Жанып кеткен шамдар уақтылы ауыстырылады.

141. Сумен жабдықтау объектісінің хлорлау орны механикалық іске қосылатын, ауаны төменгі бөліктен алатын сыртқа тарту желдеткіш жүйесімен жабдықталады, желдету жүйесі жарамды күйде болады.

142. Сумен жабдықтау объектісінің өндірістік және тұрмыстық үй-жайларын жинау үшін мақсатына байланысты пайдаланылатын таңбаланған жинау мүкәммалы бөлінеді және арнайы бөлінген орында сақталады. Өндірістік және тұрмыстық үй-жайлар таза ұсталады, жинау қолдануға рұқсат етілген дезинфекциялау құралдарын пайдалана отырып жүргізіледі.

143. Сумен жабдықтау объектісінің өндірістік үй-жайларының аумағында үш жақтан қоршалған, қатты жабыны бар контейнер алаңы бөлінеді. Қоқыс пен қалдықтарды жинау және уақытша сақтау контейнерде жүзеге асырылады, шығаруды мамандандырылған ұйым арнайы бөлінген орынға жүргізеді. Автоматты режимде жұмыс істейтін шағын елді мекендердің су жинау аумағында ТҚҚ-ны жинау үшін қақпақтары бар еркін конструкциялы сыйымдылықтар пайдаланылады, ТҚҚ-ны жинау, шығару жөніндегі мамандандырылған ұйымдар болмаған жағдайда жергілікті атқарушы орган қызметінің бақылауымен және қызмет көрсетуімен қалдықтарды өз бетінше шығаратын орындар ұйымдастырылады.

144. Сумен жабдықтау объектілеріндегі персонал арнайы киіммен (қысқы және жазғы) және жеке қорғаныш құралдарымен ("Лепесток" тәрізді респираторлар, қорғаныш көзілдіктері, резеңке қолғаптар, етік) қамтамасыз етіледі. Персонал үшін шуды оқшаулау жағдайлары жасалады. Персоналға арналған үй-жайлардағы шудың деңгейі "Адамға әсер ететін физикалық факторлардың гигиеналық нормативтерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 16 ақпандағы № ҚР ДСМ-15 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26831 болып тіркелген) сәйкес келеді.

145. Сумен жабдықтау объектілеріндегі персонал алдын ала және мерзімдік медициналық қарап-тексеруден, гигиеналық оқытудан өтеді және жұмысқа рұқсат алады.

146. Құрамында қалдық хлор бар шайынды суды ағызу елді мекеннің кәріз желісіне, ол болмағанда осы Санитариялық қағидалардың талаптарын сақтаған жағдайда жергілікті жердің рельефіне немесе су айдынына жүзеге асырылады.

147. Орталықтандырылған ыстық сумен жабдықтау жүйелері үшін су дайындау процесінде олардың қауіпсіздігін растайтын құжаттары бар реагенттер мен конструкциялық материалдар пайдаланылады.

148. Су тарату колонкалары жарамды күйде ұсталады, халыққа су беру үшін шлангілер мен соған ұқсас құралдар арқылы су беруге жол берілмейді. Байқау

құдықтарын су басуды болдырмау үшін колонкадан еңіспен қатты жабыны бар төсеніштер көзделеді. Су тарату құрылыстарының герметикалығы қамтамасыз етіледі.

Ауыз судың сапасы нашарлаған кезде, сондай-ақ сумен берілу факторына байланысты инфекциялық сырқаттанушылық тіркелген кезде осы Санитариялық қағидалардың 14-тармағында келтірілген сумен жабдықтау жүйесін тазарту, жуу және дезинфекциялау актісі рәсімделе отырып, сумен жабдықтау объектілерін, оның ішінде құдықтарды, каптаждарды қосымша профилактикалық тазарту, жуу және дезинфекциялау жүргізіледі.

"Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына
1-қосымша

Өндірістік бақылау шеңберінде ауыз су сапасына зертханалық зерттеу жүргізу кезінде ауыз судың бақыланатын көрсеткіштерін белгілеуге қойылатын талаптар

1. Тұрақты өндірістік бақылауға жататын ауыз судың химиялық құрамының көрсеткіштерін таңдау ауыз сумен жабдықтау көздері суының химиялық құрамын кеңейтілген зерттеу нәтижелерін талдау, сондай-ақ сумен жабдықтау жүйесіндегі су дайындау технологиясы негізінде әрбір сумен жабдықтау жүйесі үшін жүргізіледі.

2. Сумен жабдықтау көздері суының химиялық құрамына кеңейтілген зерттеулер жүргізу үшін көрсеткіштерді таңдауды сумен жабдықтау жүйесін пайдалануды жүзеге асыратын ұйым екі кезеңде жүргізеді.

3. Су пайдаланушылар болып табылатын сумен жабдықтау жүйесін пайдалануды жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілер сумен жабдықтау көзінде ықтимал болуы мүмкін химиялық заттардың тізбесі бойынша ауыз сумен жабдықтау көзінің (көздерінің) суына кеңейтілген зертханалық зерттеулер жүргізуді ұйымдастырады.

4. Суды кеңейтілген зертханалық зерттеулер су жинау орындарында сынамалар алу арқылы бір жыл ішінде, ал суды өңдеу немесе әртүрлі су жинау орындарының суын араластыру болған кезде ауыз суды тарату желісіне беру алдында жүргізіледі.

5. Бір жыл ішінде судың сапасы туралы ақпарат алудың біркелкілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін сумен жабдықтау көзінің түріне байланысты зерттелетін су сынамаларының ең аз мөлшері:

1) жерасты көздері үшін – әр маусымда алынатын жылына 4 сынама (көктемгі, жазғы, күзгі, қысқы);

2) беттік көздер үшін – ай сайын алынатын жылына 12 сынама қабылданады.

6. Судың химиялық құрамы және ондағы заттардың шоғырлану динамикасы туралы қосымша ақпарат алғанда зерттелетін су сынамаларының саны және олардың кезеңділігі ұлғайтылады.

7. Кеңейтілген зерттеулер жүргізу кезінде судың химиялық құрамы туралы қосымша ақпарат алуға мүмкіндік беретін су ортасын зерттеудің әмбебап физикалық-химиялық әдістері қолданылады.

8. Бақыланатын көрсеткіштер тізбесіне кеңейтілген зерттеулердің дерекқорынан мыналар:

1) сумен жабдықтау көзі суындағы шоғырлануы рұқсат етілетін шекті шоғырланудан (бұдан әрі – РЕШШ) 0,1 және одан көп үлесті құрайтын қауіптіліктің 1 және 2- сыныбындағы заттар;

2) зияндылықтың санитариялық-токсикологиялық белгісі бойынша нормаланатын, сумен жабдықтау көзінің суындағы шоғырлануы РЕШШ-дан 0,5 және одан көп үлесін құрайтын қауіптіліктің 3 және 4-сыныбындағы заттар енгізіледі.

9. Судың кеңейтілген зерттеулері және көрсеткіштер нәтижелері осы Санитариялық қағидаларға 1-қосымшаның 1 және 2-кестелерін ескере отырып ресімделеді.

10. Ауыз судың сапасы мен қауіпсіздігін өндірістік бақылау бағдарламалары Ереженің 15-тармағының 113) тармақшасына сәйкес бекітілетін "Өндірістік бақылауды жүзеге асыруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларының талаптарына сәйкес әзірленеді және мыналар:

1) ауыз су сапасының бақыланатын көрсеткіштерінің тізбесі және:

микробиологиялық және паразитологиялық;

органолептикалық;

радиологиялық (радиациялық қауіпсіздік);

жалпыланған;

су дайындау реагенттерінің қалдық мөлшері;

тұрақты өндірістік бақылау үшін сумен жабдықтау көзінің суын кеңейтілген зерттеу нәтижелері бойынша анықталған техногендік сипаттағы химиялық заттар құрамында сынама алудың әрбір тармағы бойынша олардың гигиеналық нормативтері;

2) өлшеу әдісінің жол берілетін қатесін көрсете отырып, бақыланатын көрсеткіштерді айқындау әдістемесі;

3) су жинау орындарында, тарату желісіне су беру алдында (таза су резервуарында) және су құбырының сыртқы және ішкі желісінің су жинау пункттерінде (үлкен су құбырлары үшін, бұдан басқа сумен жабдықтауды жүзеге асыратын ұйымның пайдалану жауапкершілігі аймағының шекарасына жақын арнайы жабдықталған сынама алу нүктесінде) су сынамаларын алу пункттерінің жоспары;

4) судың бақыланатын сынамаларының саны және сынамаларды алуудың әрбір тармағы бойынша зертханалық зерттеулер (сынақтар) үшін оларды алу кезеңділігі;

5) су сынамаларын алуудың және оларға зерттеу (сынақ) жүргізудің күнтізбелік кестелері енгізіледі.

11. Судың бақыланатын сынамаларының саны және оларды алу кезеңділігі осы Санитариялық қағидаларға 1-қосымшадағы талаптарды ескере отырып, әрбір сумен жабдықтау жүйесі үшін жеке айқындалады.

12. Ауыз судың сапасы мен қауіпсіздігін өндірістік бақылау бағдарламасында су сапасын бақылау нәтижелеріне ай сайын талдау жүргізу көзделеді және осы Санитариялық қағидалардың 7-тармағын ескере отырып, сумен жабдықтау жүйесі әкімшілігінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесіне бақылау нәтижелері бойынша ақпарат беру тәртібі айқындалады.

13. Ауыз судың сапасы мен қауіпсіздігін өндірістік бақылау бағдарламасын шаруашылық жүргізуші субъект 5 жылдан аспайтын мерзімге бекітеді. Көрсетілген мерзім ішінде ауыз судың сапасы мен қауіпсіздігін өндірістік бақылау бағдарламасына халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесінің келісімі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

1-кесте

Судың кеңейтілген зерттеулері

№	көрсеткіш	бақылау әдісі	зерттеу объектісі, зерттеу жиілігі	көзі	өңделген ауыз су	Тарату желісіндегі су
1	2	3	4	5	6	7

2-кесте

Көрсеткіштердің нәтижелері

№	көрсеткіш	бақылау әдісі	зерттеу объектісі											
			көзі				өңделген ауыз су				тарату желісіндегі су			
			ең төмен	ең жоғары	орт.	ш	ең төмен	ең жоғары	орт.	ш	ең төмен	ең жоғары	орт.	ш
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15

"Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және суды мәдени-тұрмыстық пайдалану

орындарына және су
объектілерінің қауіпсіздігіне
қойылатын
санитариялық-эпидемиологиялық
талаптар"
санитариялық қағидаларына
2-қосымша

Өндірістік бақылау шеңберінде ыстық сумен жабдықтаудың ашық жүйелерінің ыстық суына зертханалық зерттеулер жүргізу кезінде ыстық судың бақыланатын көрсеткіштеріне қойылатын талаптар

Өнімнің (реагенттің) химиялық сыныбы	Бақыланатын көрсеткіштер
1. Алкиламинофосфон қышқылдары негізіндегі реагенттер	Иісі
	Дәмі
	Түсі
	Лайлығы
	Сутегі көрсеткіші
	Перманганаттық тотығу
	Алюминий
	Темір
	Кадмий
	Кобальт
	Мыс
	Никель
	Сынап
	Қорғасын
	Формальдегид
2. Оксизтилидендифосфон қышқылы (ОЭДФК) негізіндегі реагенттер	Иісі
	Дәмі
	Түсі
	Лайлығы
	Сутегі көрсеткіші
	Перманганаттық тотығу
	Алюминий
	Темір
	Кадмий
	Кобальт
	Марганец
Мыс	
Никель	
Сынап	

	Қорғасын
	Жалпы хром
	Мырыш

"Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар"
санитариялық қағидаларына
3-қосымша

Өндірістік бақылау шеңберінде ауыз су сапасына зертханалық зерттеулер жүргізу кезінде ауыз су сынамаларының кезеңділігіне және санына қойылатын талаптар

1. Сумен жабдықтау жүйелерін пайдалануды жүзеге асыратын және (немесе) халықты ауыз сумен қамтамасыз ететін, оның ішінде көп пәтерлі тұрғын үйлерде қамтамасыз ететін шаруашылық жүргізуші субъектілер өндірістік бақылау бағдарламасына сәйкес су жинау орындарында, тарату желісіне түсіру алдында, сондай-ақ ішкі және сыртқы тарату желілерінің су тарату орындарында (бұдан әрі – су пайдалану орындары) судың сапасы мен қауіпсіздігін үнемі бақылайды.

2. Су жинау орындарында зертханалық зерттеулерге судың сынамаларын алу саны мен кезеңділігі осы Санитариялық қағидаларға 3-қосымшаның 1-кестесін ескере отырып белгіленеді.

1-кесте

Көрсеткіш түрлері	Бір жыл ішіндегі сынамалар саны, кемінде:	
	жерасты көздері үшін:	беттік көздер үшін:
Микробиологиялық	4 (жыл мезгілдері бойынша)	12 (ай сайын)
Паразитологиялық	жүргізілмейді	12 (ай сайын)
Органолептикалық	4 (жыл мезгілдері бойынша)	12 (ай сайын)
Жалпыланған көрсеткіштер	4 (жыл мезгілдері бойынша)	12 (ай сайын)
Органикалық емес және органикалық заттар	1	4 (жыл мезгілдері бойынша)
Радиологиялық (радиациялық қауіпсіздік)	1	1

3. Ауыз судың тарату желісіне түсуі алдында оның айқындалатын көрсеткіштерінің түрлері мен зерттелетін сынамаларының саны осы Санитариялық қағидаларға 3-қосымшаның 2-кестесін ескере отырып белгіленеді.

2-кесте

	Бір жыл ішіндегі сынамалар саны, кемінде:	

Көрсеткіш түрлері	жерасты көздері үшін:			беттік көздер үшін:	
	Осы сумен жабдықтау көзінің суымен қамтамасыз етілетін тұрғындар саны, мың адам				
	20-ға дейін	20-100	100-ден жоғары	100-ге дейін	100-ден жоғары
Микробиологиялық	50 <1>	150 <2>	365 <3>	365 <3>	365 <3>
Паразитологиялық	жүргізілмейді			12 <4>	12 <4>
Органолептикалық	50 <1>	150 <2>	365 <3>	365 <3>	365 <3>
Жалпыланған көрсеткіштер	4 <4>	6 <5>	12 <6>	12 <6>	24 <7>
Органикалық емес және органикалық заттар	1 <8>	1 <8>	1 <8>	4 <4>	12 <6>
Су дайындау технологиясына байланысты көрсеткіштер	Қалдық хлор, қалдық озон – сағатына бір реттен сиретпей, қалған реагенттер – ауысымына бір реттен сиретпей				
Радиологиялық (радиациялық қауіпсіздік)	1 <8>	1 <8>	1 <8>	1 <8>	1 <8>

Ескертпе: <1> – күн сайын, <2> – аптасына үш рет, <3> – күн сайын, <4> - жыл мезгілінде бір рет, <5> – екі айда бір рет, <6> - ай сайын, <7> - айына екі рет, <8> - жылына бір рет.

4. Таратушы су құбыры желісіндегі ауыз судың сапасын өндірістік бақылау қызмет көрсетілетін тұрғындардың санына байланысты осы Санитариялық қағидаларға 3-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген жиілікпен микробиологиялық және органолептикалық көрсеткіштер бойынша жүргізіледі.

3-кесте

Қызмет көрсетілетін тұрғындар саны, мың адам	Бір айдағы сынамалар саны
10-ға дейін	2
10-20	10
20-50	30
50-100	100
100-ден жоғары	Әрбір 5 мың адамға, 100 мыңнан астам тұрғынға 100+1 сынама

5. Тарату желісі суының сынамаларын алу көшедегі су тарату құрылғыларынан оның ең биік және тұйық учаскелерінде, сондай-ақ айдау құрылғысы бар үйлерден және су айдау мұнаралары резервуарларынан жүргізіледі.

6. Ыстық судың сапасын микробиологиялық көрсеткіштер бойынша зерттеу кезінде әрбір сынамада жалпы колиформды бактериялар, жалпы микробтық сандар анықталады. Колифагтар микробиологиялық көрсеткіштер бойынша нормативтен асқан кезде анықталады.

Коли-фагтар ішек таяқшасын ерітіп, қоректендіргіш агарда плюс 37 °С (± 1оС) температурада 18 сағаттан (± 2 сағат) кейін лизис аймақтарын (түйіндіктер) құру қабілеті бар бактериялық вирустар болып табылады.

7. Авариялық жағдайлар жойылғаннан және орталықтандырылған ыстық сумен жабдықтау жүйелеріне жоспарлы-профилактикалық жұмыстар жүргізілгеннен кейін ыстық судың эпидемиологиялық қауіпсіздігі жалпы колиформды бактериялар, энтерококктар, жалпы микробтық сан бойынша нормативтерге сәйкестікке анықталады.

8. Ауыз су сапасын өндірістік бақылауды Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасында белгіленген аккредиттелген зертханалар жүзеге асырады.

9. Жалпыланған және (немесе) органолептикалық көрсеткіштер бойынша гигиеналық нормативтерден артқан кезде қайта алынған су сынамаларына зерттеулер жүргізу, ал гигиеналық нормативтерден артқаны расталған кезде су сапасының бұзылуының себебі болып табылатын химиялық заттарды сәйкестендіру үшін зерттеулер жүргізу қажет.

"Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су
мақсаты үшін су жинау
орындарына, шаруашылық-ауыз
сумен жабдықтауға және суды
мәдени-тұрмыстық пайдалану
орындарына және су
объектілерінің қауіпсіздігіне
қойылатын
санитариялық-эпидемиологиялық
талаптар"
санитариялық қағидаларына
4-қосымша

Нысан

Сумен жабдықтау жүйесін тазарту, жуу және дезинфекциялау актісі

Елді мекен _____ 20_ж. "___" _____

Құрамында: _____

(қала, аудан)

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

өкілдері бар комиссия _____ шаруашылық субъектісінің (объектісінің)

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

(объектісінің атауы)

(орналасқан жері, техникалық деректері)

белсенді хлор шоғырлануы _____ текше дециметрге миллиграмм, мг/дм³
(текше метрге грамм, г/м³)

байланысу ұзақтығы 20 ___ жылғы " ___ " _____ сағат _____ мин

(реагентті көрсету)

тазартылғаны, жуылғаны және дезинфекцияланғаны туралы осы актіні жасады.
Дезинфекциялау аяқталғаннан кейін суды санитариялық-химиялық және
бактериялық талдау нәтижелері _____ данада қоса беріледі.

Өкілдің қолы _____

Шаруашылық субъектісі (объектісі) өкілінің қолы _____

"Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су
мақсаты үшін су жинау
орындарына, шаруашылық-ауыз
сумен жабдықтауға және суды
мәдени-тұрмыстық пайдалану
орындарына және су
объектілерінің қауіпсіздігіне
қойылатын
санитариялық-эпидемиологиялық
талаптар"
санитариялық қағидаларына
5-қосымша

Өндірістік бақылау шеңберінде су объектілерінің суына зертханалық зерттеулер жүргізу кезінде су объектілері суының басым көрсеткіштерін белгілеуге қойылатын талаптар

1. Су объектісі үшін басым көрсеткіштерді таңдау кезінде мыналар ескеріледі:

1) су объектісіне келіп түсетін сарқынды су үшін заттың ерекшелігі;

2) су объектісінің суындағы заттың рұқсат етілетін шекті шоғырланудан арту дәрежесі;

3) қауіптілік сыныбы және зияндылықтың кумуляцияны, уыттылықты және заттың болмашы әсер туғызу қабілетін сипаттайтын лимиттеуші белгісі;

4) заттың канцерогенділігі;

5) су объектісінің суында заттың анықталу жиілігі;

6) ұзақ мерзімді бақылау кезінде суда заттың шоғырлануының өсу үрдісі;

7) биологиялық ыдырау;

8) заттың халықпен жанасу дәрежесі (су айдынын ауыз сумен жабдықтау көзі ретінде немесе рекреациялық мақсаттар үшін пайдаланатын халық саны бойынша).

2. Қосымша өлшемшарттарға мыналар жатады:

1) биоаккумуляция;

2) тұрақтылық (резистенттілік);

- 3) барынша уытты қосылыстар түзе отырып түрлену;
- 4) хлорлау кезінде құрамында галоген бар қосылыстар түзу қабілеті;
- 5) түптік шөгінділерде жинақталу қабілеті;
- 6) заттың тері-резорбтивтік әсері;
- 7) болмашы әсерлердің салыстырмалы айқындылығы – канцерогендік, мутагендік, тератогендік, эмбриотоксикалық, аллергендік және гонадотоксикалық;
- 8) заттың ортааралық өту қабілетіне байланысты халыққа әсер етудің кешенділігі.

3. Қосымша өлшемшарттар заттардың физикалық-химиялық сипаттамаларына, сарқынды су мен су объектілері суының құрамы мен қасиеттеріне, сондай-ақ өңір халқының су пайдалану жағдайларына байланысты қолданылады.

"Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар"
санитариялық қағидаларына
6-қосымша

Өндірістік бақылау шеңберінде зертханалық зерттеулер жүргізу кезінде шаруашылық қызметтің әртүрлі объектілерінің әсер ету аймақтарындағы жерасты су көздеріндегі судың басым көрсеткіштерін таңдауға қойылатын талаптар

Шаруашылық қызмет объектілері	Шоғырлануы гигиеналық нормативтерден асатын, жерасты су көздерінде анықталған ластаушы заттар
Мұнай базалары	Мұнай өнімдері, синтетикалық беттік-белсенді заттар, фенолдар, темір, бром, аммоний, марганец
Мұнай өңдеу кәсіпорындары	Мұнай өнімдері, фенолдар, синтетикалық беттік-белсенді заттар, қорғасын, хлоридтер, сульфаттар, оттегіні химиялық тұтыну, формальдегид, аммоний, нитраттар, толуол, этилбензол, ксилол
Әуежайлар	Мұнай өнімдері, фенолдар
Мұнай кен орындары	Мұнай өнімдері, хлоридтер, фенолдар, синтетикалық беттік-белсенді заттар, сынап, марганец, темір
Коммуналдық қатты қалдықтар полигондары	Мұнай өнімдері, фенолдар, аммоний, темір, кадмий, акриламид, стирол, хлоридтер, синтетикалық беттік-белсенді заттар, қорғасын, марганец
Өнеркәсіптік қалдықтар полигондары	Мұнай өнімдері, фенолдар, темір, кадмий, қорғасын, сынап, сүрме, аммоний, никель, хром, бензол
	Мұнай өнімдері, бензол, формальдегид, этилбензол, моноэтанолламин, кадмий, қорғасын, хлороформ,

Органикалық синтез кәсіпорындары	никель, сынап, хром, беттік-белсенді заттар, кобальт, күшән, марганец, бром, бор, аммоний, мырыш, мыс
Қалалық кәріздік тазарту құрылыстары	Мұнай өнімдері, фенолдар, темір, аммоний, нитриттер, нитраттар, бром, синтетикалық беттік-белсенді заттар
Ауыл шаруашылығы кәсіпорындары	Пестицидтер, аммиак, мұнай өнімдері, фенолдар, синтетикалық беттік-белсенді заттар, нитриттер, нитраттар, минералдану, хлоридтер
Мұнай және газ құбырлары	Мұнай өнімдері, синтетикалық беттік-белсенді заттар
Тұндырғыш тоғандар	Мұнай өнімдері, темір, минералдану, синтетикалық беттік-белсенді заттар, бром, бор, аммоний
Суару алқаптары	Мұнай өнімдері, фенолдар, аммоний, минералдану, нитраттар, нитриттер, хлоридтер
Жылу энергетикасы кәсіпорындары	Мұнай өнімдері, фенолдар, хлоридтер, сульфаттар, синтетикалық беттік-белсенді заттар, аммоний, никель, қорғасын, марганец, темір, алюминий, вольфрам
Кен байыту және металлургия кәсіпорындары	Ксантогенаттар, марганец, темір, барий, сульфаттар, минералдану, никель, стронций, титан, фтор, алюминий, мышьяк, мырыш, қорғасын, мыс, молибден, цианидтер, роданидтер

"Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына 7-қосымша

Жерасты суында жоғары шоғырлануды анықтау ықтималдығы жоғары табиғи текті басым көрсеткіштер және компоненттер

Көрсеткіштер мен компоненттер	Сулы жыныстардың геохимиялық ерекшеліктері	Жерасты суының құрамы
Жалпыланған көрсеткіштер		
Минералдану (кұрғақ қалдық)	Теңіз генезисінің терригендік шөгінділері	Хлоридті натрийлі Сульфатты натрийлі
	Карбонатты шөгінділер	С у л ь ф а т т ы ; гидрокарбонатты-сульфатты
Жалпы қаттылық	Карбонатты шөгінділер	С у л ь ф а т т ы ; гидрокарбонатты-сульфатты

Перманганаттық тотығу	Құрамында органикалық заттар көп терригендік шөгінділер	Құрамында әртүрлі құрамдағы су бар оттегісіз темір-марганец
Зияндылықтың санитариялық-токсикологиялық белгісі бойынша нормаланатын химиялық заттар		
Алюминий	Кристалды сілтілі жыныстар	Әлсіз сілтілі реакциясы бар гидрокарбонатты-натрийлі
Барий	Карбонатты, терригенді жыныстар	Ортаның аздаған бейтарап реакциясы бар гидрокарбонатты кальцийлі-магнийлі
Бериллий	Металлогендік провинциялардың құрамында бериллий бар жыныстары	Құрамында фтор мөлшері жоғары гидрокарбонатты аралас катионды құрам
Бор	Карбонатты және терригенді жыныстар	Na/Ca арақатынасы жоғары әртүрлі аниондық құрамдағы натрийлі
Бром	Теңізден шыққан терригендік шөгінділер	Хлоридті натрийлі
Кремний	Гумидті аймақтың терригенді шөгінділері	Құрамында органикалық заттар көп гидрокарбонатты натрийлі
Литий	Карбонатты жыныстар	Гидрокарбонатты кальцийлі
Күшән	Металлогендік провинциялардың құрамында күшән бар жыныстар	Na/Ca арақатынасы жоғары гидрокарбонатты натрийлі
Сынап	Металлогендік провинциялардың құрамында сынап бар жыныстар	Құрамында органикалық заттар көп аралас катионды гидрокарбонатты құрам
Селен	Сульфидті минералдануы бар қышқыл кристалды жыныстар	pH мәні жоғары гидрокарбонатты, сульфатты кальцийлі
Стронций	Целестинді минералдануы бар карбонатты жыныстар	Гидрокарбонатты, сульфатты кальцийлі
Фтор	Флюоритті минералдануы бар карбонатты жыныстар Қышқыл кристалды жыныстар	Na/Ca арақатынасы жоғары гидрокарбонатты натрийлі
Зияндылықтың органолептикалық белгісі бойынша нормаланатын химиялық заттар		
Темір	Құрамында органикалық заттар көп карбонатты, терригенді жыныстар Сульфидті минералдануы бар терригенді, кристалды жыныстар	pH мәні төмен және аздаған бейтарап реакциясы бар гидрокарбонатты кальцийлі, pH мәні төмен және ортаның аздаған бейтарап реакциясы бар сульфатты, сульфатты-гидрокарбонатты кальцийлі
Марганец	Органикалық заттар көп терригендік жыныстар	pH мәні төмен және аздаған бейтарап реакциясы бар гидрокарбонатты кальцийлі

"Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су

объектілерінің қауіпсіздігіне
қойылатын
санитариялық-эпидемиологиялық
талаптар"
санитариялық қағидаларына
8-қосымша

Жерасты суының санитариялық қорғау аймағының екінші белдеуінің шекараларын есептеу үшін микробтық ластанудың ілгерілеу уақыты

№	Гидрогеологиялық жағдайлар	Тм (тәулігіне)	
		I және II климаттық аудандар шегінде	III және IV климаттық аудандар шегінде
1	2	3	4
1	Жеткіліксіз қорғалған жерасты суы (жерасты суы, сондай-ақ ашық су айдынымен тікелей гидравликалық байланысы бар арынды және арынсыз қабат аралық су)	400 метр (бұдан әрі - м)	400 м
2	Қорғалған жерасты суы (ашық су айдынымен тікелей гидравликалық байланысы жоқ арынды және арынсыз қабат аралық су)	200 м	100 м

"Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар"
санитариялық қағидаларына
9-қосымша

1-кесте

Өзендер мен магистральдық арналардың су қорғау жолақтарының өлшемдері

№	Өзеннің, магистральдық арнаның ұзындығы, километрмен (бұдан әрі – км)	Өзеннің, магистральдық арнаның жағалауынан бастап жағалаудағы су қорғау жолағының ені, метрмен (бұдан әрі – м)
1	2	3
1	50-ге дейін	20
2	50-100	50

3	100-200	100
---	---------	-----

Ескертпе:

1. Ірі өзендерде (ұзындығы 200 км-ден астам) жағалаудағы су қорғау жолақтары бекітілген жобаларға сәйкес дербес белгіленеді.

2. Жылғалар бойындағы жағалаудағы су қорғау жолағы әр жағалаудан бастап ені кемінде 10 м-ді құрайды.

3. Таулы алқап шегінде орналасқан өзендерде (сайдың өлшемі қомасында 100 м-ге дейін) 1-кестеге сәйкес тек жағалаудағы су қорғау жолақтары белгіленеді.

2-кесте

Су қоймаларындағы жағалаудағы су қорғау жолағының ең аз ені

№	Су объектілерінің жағалауына іргелес пайдаланылатын жерлердің түрлері	Бөктерлер құлди болғанда су қорғау жолағының ең аз ені (м)		
		еңіс жағалаудан бастап (нөлдік еңіс)	еңіс жағалауға қарай	
			3 градусқа дейін	3 градустан артық
1	2	3	4	5
1	Егістік	35	55	100
2	Шабындық, пішен шабу	35	50	75
3	Орман, бұта	35	35	55
4	Басқалар (пайдаланылмайтын жер)	35	35	100

Ескертпе:

Су қорғау жолақтарының көрсетілген өлшемдері он жылдық кезеңге жағалаулардың болжамды қайта өңдеу еніне ұлғайтылады.

Су қорғау жолақтарының ең аз ені өзен аңғарларының нысаны мен жүйесін, іргелес бөктерлердің құлдығын, жағалауларды қайта өңдеу болжамын және пайдаланылатын ауыл шаруашылығы жерінің құрамын ескере отырып айқындалады және барлық су объектілері үшін 2-кестеге сәйкес өлшемде қабылданады.